

Ushqyr oıla! Biikke samǵa! Álemdi sharla!



@farabishakirti.kz  
f @farabishakirti.kz  
i @farabishakirti.kz

# Farabı

№5  
МАМЫР  
2026

## shákirti


МЕКТЕП МУҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ  
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ,  
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

7 ★  
мамыр

ОТАН  
ҚОРҒАУШЫЛАР  
КҮНІ!

Ер елін қорғайды,  
ел ерін қолдайды.

ЖИ. Авторы - БЕЙІТХАН Перизат,  
«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Степной ауылының ЖББМ»  
КММ - нің 11 «А» сынып оқушысы.  
«FARABI SHAKIRTI» журналы мен  
farabishakirti.kz сайтының Жас тілшісі



ЕР ЕЛІН  
ҚОРҒАЙДЫ,  
ЕЛ ЕРІН  
ҚОЛДАЙДЫ,

2026 жыл, 16 мамыр  
Мемлекет басшысы  
Қасым-Жомарт Тоқаев  
қол қойған Жарлық  
әр қазақстандықтың  
кітап оқу арқылы  
дүниетанымын  
кеңейтіп, сауатты  
сөйлеуге ұмтылу  
үшін жасалған  
маңызды құжат деп  
білеміз. Құжатта  
көрсетілгендей, елімізде  
кітап оқу мәдениетін  
қалыптастыру,  
таңдаулы  
шығармаларды  
көбейтіп, білімді, зиялы  
ұрпақ қалыптастыруға  
жасалған нақты қадам.  
Жарлықтың мақсаты:  
Адами капиталды  
дамыту, қоғамның  
зияткерлік және мәдени  
әлеуетін нығайту,  
білім беру, тәрбиелеу  
және оқу-ағарту ісінің  
негізгі элементі ретінде  
кітап оқу мәдениетін  
насихаттау, зерделі ұлт  
қалыптастыру, сондай-  
ақ шығармашыл,  
жасампаз және бәсекеге  
қабілетті тұлғаны  
дамыту үшін жағдай  
жасау.



## ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ

# «КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ ЖӘНЕ ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ»

*Жарлыққа*  
ҚОЛ ҚОЙДЫ



Сурет: abai.kz

### Жарлықта аталған негізгі міндеттер:

- \*Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру;
- \*Оқырмандарға арналған заманауи инфрақұрылымды дамыту: цифрлық құралдарды кеңінен қолдана отырып, жаңа форматтағы кітапханалар, қоғамдық кеңістіктер құру;
- \*Туындылары жас ұрпақты Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттары мен ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеуге ықпал етіп жүрген отандық жазушылар мен ақындарды қолдау;
- \*Баспагерлер мен кітап өнімін таратушылардың мемлекет үшін пайдалы қызметтерін ынталандыру;
- \*Ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттау;
- \*2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін «Жылдың 10 оқырманы» республикалық жобасын іске асыру;
- \*Кітап оқу мәдениетін және кітап ісін насихаттаудың 2027 – 2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасын (бұдан әрі – «Зерделі ұлт» тұжырымдамасы) бекітілуі тиіс екені аталып көрсетілді.

<https://akorda.kz/>

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

## Farabi shakirti

№5 (81) мамыр, 2026 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,  
айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі  
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**  
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**  
**Тамила ИБРАГИМОВА**  
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,  
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.  
Тел.: +7 701 730 9312  
E-mail: [farabi\\_shakirti@mail.ru](mailto:farabi_shakirti@mail.ru)  
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік  
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛПК № KZ28VPY00092839  
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.  
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық  
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу  
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,  
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.  
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы  
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:  
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында  
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен  
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

**Қасым-Жомарт Тоқаев,  
Мемлекет басшысы:**

«Елдегі тұрақтылық пен тыныштық – бірлік пен келісімнің жемісі»

**Қазыбек Келдібекұлы:**

«Тату болса – ағайын жақын,  
Адал болса – дос жақын».

**Бұқар жырау:**

«Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз: жат жанынан түңілсін, айнала алмай ат өлсін, айыра алмай жат өлсін».

**Абай Құнанбайұлы:**

«Қазақ ойлайды: бірлік-ой ортақ, ас ортақ, киім ортақ болса екен дейді... Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға ортақтық емес, малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқалар, күні басқалар да жалданып, бірлік қылады. Бірлік сатылса – антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек. Сонда әркім несібесін құдайдан тілейді. Әйтпесе, құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі бір-біріне пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса,

бір пәле салып, қарғанатын, әйтеуір, бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты».

**Мұхтар Әуезов;**

«Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпайық».

**Ахмет Байтұрсынұлы:**

«Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек».

**Бауыржан Момышұлы:**

«Әскери бөлімнің күші жауынгерлік достық пен жолдастық бірлікте, ынтымақта».

**Нарша Булгакбаев:**

«Біздің қалау-ниетіміз түбінде қайырлы, берекелі болатындығына ешкім кепілдік бере алмайды, егер де біздің сеніміміз бен түсінігіміз жалған болса».

Дереккөзі: <https://bilim-all.kz/>

Сурет: <https://hromtaugazeti.kz/>





## «МӘДЕНИ ЖӘНЕ РУХАНИ ДҮНИЕСІН САҚТАЙ БІЛГЕН ЕЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ БИІК»

**2026 жылғы 21 мамыр**

Президент, ең алдымен, салтанатты іс-шараға қатысушыларды Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен құттықтады.



– Бұл – еліміз үшін мән-маңызы айрықша мереке. Мәдениет – халқымыздың ұлттық болмысы мен рухани дербестігінің арқауы екенін бәріміз жақсы білеміз. Мәдени және рухани дүниесін сақтай білген елдің мәртебесі биік, мерейі үстем болары айқын. Сіздер осы

игі мақсат жолында табанды жұмыс істеп келесіздер. Қоғамымыз бұл еңбекті жоғары бағалайды. Бүгін мен кәсіби мереке күні еліміздегі барша мәдениет және өнер саласы мамандарына шынайы алғысымды білдіремін! Қазақ – өнердің киесін ұғатын, өнерпаздың қадірін білетін жұрт. Біз ерекше дарын иелеріне әрдайым лайықты құрмет көрсетеміз. Жұртымыз «Өнердің өрісі кең» деп сіздерді қашанда қадірлеген. Міне, бүгінгі жиын да соның бір көрінісі. Шын мәнінде, руханияты бай елдің ойы озық, болашағы жарқын болады.

– Бұл жай ғана өзгерістер емес: еліміздің болашағына тікелей қатысы бар, мағынасы ауқымды, терең, кешенді, жүйелі реформалар жасалуда. Мақсатымыз – Отанымызды күшті, озық мемлекет ретінде дамыту, сондай-ақ, дарынды, отаншыл, жігерлі және көзі ашық, көкірегі ояу жастардың өмір жолын ашып беру. Наурыз айында бәріміз бір ел, бір халық болып конституциялық реформаға бірауыздан қолдау көрсеттік. Ортақ іске мәдениет саласының мамандары мен өнер қайраткерлері де белсене атсалысты. Саяси науқан кезінде халқымыз еліміздің жарқын болашағына үлкен сеніммен қарап, тарихи таңдауын жасады. Осылайша, жаңа Конституциямыз тұғырына қонды. Расында, бұл Қазақстанның келешегін айқындайтын маңызды шешім болғаны анық. Ата заң – ел тәуелсіздігі мен мемлекеттігінің мызғымас кепілі, халқымыз жүріп келе жатқан жолдың басты

темірқазығы. Конституцияда ұлтымыздың мүддесі, мақсат-мұраты мен арман-тілегі айқын көрініс тапты. Ата заңға сәйкес еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау бұлжымас қағидат саналады.

– Енді мәдениет саласын қолдау – мемлекеттің конституциялық міндеті. Қазір бұл бағытта ауқымды шаруа жасалып жатыр. Мен Мемлекет басшысы ретінде ұлт руханиятына адал қызмет етіп жүрген мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше мән беріп отырмын. Мәселен, соңғы бес жылда олардың жалақысы екі есе ұлғайды. Биылдан бастап өнерпаздарға берілетін мемлекеттік стипендия көлемі екі есе өседі. Тек былтырдың өзінде елімізде



атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияға «Ұлттық» мәртебе берілсе, орынды болар еді. Сондай-ақ Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театрына «Академиялық» мәртебе беру керек деп есептеймін. Аталған өнер ұжымдары тұтас еліміздің рухани мұрасын байытуға өлшеусіз үлес қосып келеді.

– Төл өркениетіміздің осындай теңдессіз қазыналарын дәріптеп жүрген өнер адамдарына қолдау көрсету маңызды. Осы орайда, мен «Асыл мұра» ұлттық сыйлығын тағайындау туралы шешім қабылдайтын болдым. Бұл марапат дәстүрлі өнер өкілдерін қолдауға, олардың шығармашылығын насихаттауға, ұлттық өнердің беделін арттыруға ықпал етеді. Осы жоғары дәрежелі сыйлықпен тиісті министрліктің ұсынысы бойынша Мемлекет басшысының Жарлығымен лайықты өнер және мәдениет қайраткерлері марапатталады.

(Мемлекет басшысы мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсмінде сөйлеген сөзінен)

61 мәдениет нысаны салынды. 250-ден астам мекемеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Өткен жылы Президент Жарлығымен үш бірдей мұражайға «Ұлттық» мәртебе берілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасын табады. Меніңше, Максим Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрына және Еркеғали Рахмадиев

akorda.kz



# ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ БИІК ТҰЛҒАСЫ – ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ 90 ЖАСТА!

Қазақстанның Еңбек Ері, қазақтың атақты ақыны Олжас Сүлейменов Жаяу Мұсаның тікелей ұрпағы. Жетінші атасы – кезінде Абылай хан әскерінің оң қанатын басқарған Олжабай батыр. Ол жоңғар басқыншылығы кезінде жауға қарсы азаттық күресіне белсене араласып, көзсіз ерлігімен ел жадында мәңгі қалған қолбасшы екені тарихтан аян. Олжастың өз әкесі Омар – қазақтың тұңғыш кавалерия полкінде офицер болған. Алайда 1937 жылы Ташкенттегі Түркістан әскери округінің штабында негізсіз айып тағылып, итжеккенге айдалып кеткен. Краснодар аймағындағы Норильск лагерінде атақты түркітанушы Лев Гумилевпен бірге отырып, кейіннен ату жазасына кесілген.



1961 жылы Ю. Гагариннің ғарышқа ұшуынан шабыттанған ақын «Адамға табын, Жер, енді!» деген поэмасын жазып, айналасы бірнеше айдың ішінде атағы әлемге тарап кетеді. Алаштың арда азаматтары Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлын ақтау кезіндегі Олжастың сіңірген еңбегін атап өтпей кетуге болмас. Ол 1988 жылы 24 сәуірде Орталық комитетке хат жазып, сол кезде Алаш арыстарын зерттеп жүрген Тұрсын Жұртбайды Жоғарғы соттың бастығымен жолықтырып, артынан комиссия құрып, Алаш арыстарын ақтауға тікелей мұрындық болған. <https://adebiportal.kz/>

Қазақ халқының рухани әлемінде терең із қалдырған, сөз өнерін жаңа биікке көтерген дара тұлғалардың бірі – Олжас Сүлейменов. Биыл халқымыздың мақтанышы, ақын, жазушы, қоғам қайраткері Олжас Омарұлының 90 жылдық мерейтойы аталып өтуде. Бұл – тек бір адамның мерекесі емес, қазақ


әдебиеті мен мәдениетінің, ұлттық сананың мерекесі.

Олжас Сүлейменов – поэзия әлемінде өзіндік қолтанбасын қалыптастырған ерекше талант. Оның шығармаларынан ұлтқа деген сүйіспеншілік, адамзат тағдырына деген алаңдаушылық, тарихқа деген терең көзқарас айқын көрінеді. Ақын жырлары оқырманды ойландырады, рухтандырады, өткен мен бүгінді байланыстырады. Оның поэзиясында қазақ даласының кеңдігі, халықтың рухы мен болмысы ерекше суреттеледі.

Ақынның «Аз и Я» еңбегі – түркі халықтарының тарихын тереңнен қозғаған, ғылым мен әдебиетті ұштастырған құнды туынды. Бұл шығарма арқылы Олжас Сүлейменов әлемге қазақ халқының бай мәдениеті мен тарихи тамырын таныта білді. Ол тек ақын ғана емес, ұлт тағдырына бейжай қарамайтын үлкен ойшыл екенін дәлелдеді.

Олжас Омарұлы қоғамдық қызметте де биік беделге ие болды. Ол ядролық сынақтарға қарсы күресте үлкен ерлік көрсетті. «Невада – Семей» қозғалысын ұйымдастырып, әлем назарын Семей полигонының қасіретіне аударды. Соның нәтижесінде мыңдаған адамның өміріне қауіп төндірген сынақтарға тоқтау салынды. Бұл – оның адамзат алдындағы зор еңбегі. Олжас Сүлейменовтің өмір жолы – жас ұрпақ үшін өнеге. Оның шығармашылығы елін сүйуге, тіл мен тарихты құрметтеуге тәрбиелейді. Бүгінгі жастар осындай тұлғалардың еңбегін танып, рухани мұрасынан тағылым алуы тиіс.

90 жылдық мерейтой – ұлы тұлғаға көрсетілген құрметтің белгісі. Олжас Сүлейменов – қазақ халқының мақтанышы, ұлттық руханиятымыздың шамшырағы. Оның есімі мен еңбегі халық жадында мәңгі сақталады.



**МАЕРБЕК Дина,**  
Жамбыл облысы, Тараз қаласындағы  
«Д.М Карбышев атындағы 16 орта  
мектебінің» 11 сынып білім алушысы  
[https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/);  
<https://almaty.tv/ru/news/>;  
Cyber:<https://e-history.kz/>

# ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ, РУХТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ



## АНА ТІЛІМІЗ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ САРҚЫЛМАС БҰЛАҒЫ

Тіл - ұлттың жаны, рухтың шырақшысы, ата-бабамыздың бізге қалдырған ең асыл, ең киелі аманаты. Ол - бесік жырымен құлағымызға құйылған ана әлди, даланың еркін желімен жарысқан тұлпарлар дүбірі, домбыраның шанағынан төгілген күмбірлеген күй. Алайда, бүгін сол киелі тіліміз өз елінде, өз төрінде өгей баланың күйін кешіп, екінші орынға ысырылып қалғанын көргенде, жүрегің аттай тулап, өзегің өртенеді екен. Неге біз бабалар аманатына соншалықты селқостық таныттық? Неге өз алтынымызды бағалай алмай, өзгенің мысына тамсанып, жалтақтап қалдық?

Тілдің қасиеті - оның дыбысында емес, оның ішіндегі киелі де қастерлі ұлттық рухымыздың тереңдігінде. Бүгінгі қоғамда орыс тілін білмегенді «надан» санап, келемеждеп мазақтау - үйреншікті жағдайға айналды, бірақ неге біз өз ана тілін білмеуді нағыз маскара, кешірілмейтін ұят деп сезінбейміз? Қазақ пен қазақтың бетпе-бет тұрып, бір-біріне өзгенің тілінде шүлдірлесуі - ұлттық намыссыздықтың шыңы емес пе? Бұл - Мұхтар Шаханов атамыз шырылдап айтып кеткен «мәңгүрттіктің» нақ өзі. Шахановша айтсақ, «Ана тілін сыйламау - өз ананды сыйламаумен тең». Тіл өлген жерде ұлт та өледі. Тілдің қасиетін жоғалту - өз болмысыңнан безіну, тарихыңды өшіру.

Кешегі Алаштың арыстары - Ахметтей білгірлер мен Міржақыптай қайсарлар қазақ тілінің әрбір әрпі үшін, әрбір сөзі үшін жанын пидә



етті. Олардың арманы - қазақтың өз тілінде ғылым сөйлеткен, өз тілінде әлемді таңғалдырған іргелі ел болуы еді. Ал біз бүгін сол асылдардың аманатын арқалай алмай, өзге тілде сөйлеуді «мәдениеттілік» пен «биіктіктің» өлшеміне айналдырып алдық. Қазақ пен қазақтың өз тілінде сөйлесуден қашқақтауы, қалалы жерде ана тіліміздің тек тұрмыстық деңгейде қалуы - бұл біздің рухани жұтандығымыздың белгісі. Бұл - ашынатын, өкініштен өзегіңді өртейтін жағдай.

Тіл - бұл тарихтың тереңінен келе жатқан сарқылмас бұлақ. Ол бұлақтың көзін бітеу - өз тарихыңды, өз болмысыңды жоюмен тең. Біз өзге тілді үйрену арқылы дүниені тануымыз керек, бірақ өз тілімізді ұмыту арқылы өзімізді жоғалтпауымыз қажет. Тілдің қасиетін ұғынған адам - Отанның қасиетін ұғынады. Біздің тіліміз - біздің арымыз, намысымыз және болашағымыз. Тілге деген құрмет - өткенге тағзым, болашаққа сенім.

Сол үшін Шахановша рухты, Алашша адал болайық. Заман талабына сай өзге тілде сөйлеу - бұл жетістік, бұл - қажеттілік. Бірақ, өзге тілде сөйлеу емес, өз тілінді білмеу - нағыз ұят!

ДОСЫМ Ұлдана,  
Жамбыл облысы,  
Тұрар Рысқұлов ауданы,  
Көкарық ауылы,  
«Жамбыл атындағы орта  
мектептің» 11-сынып оқушысы

# Бір шөкім уақыт, бүкіл ғұмыр

Менің тапсырмам мектепте өткен ашық сабақ туралы жазу болатын. Ашық сабақ өткізген ұстаз Хазима Қожаханқызы үйге ертіп келгенде, Мұхаметжан ағаны екінші рет кездестірдім. Көрнекті жазушы ағамен сөйлесудің сәті түсті.

Аға шығармашылығын бір шөкім уақыт ішінде айтып өткен еді...

Сол кезде есте қалған естеліктерді арада қырық жылға жуық уақыт өткенде Етекбаев Мұхаметжан ағаның 90 жылдық еске алу сәтіне сәйкес келіп, қысқа қайырып отырмын.



тік тұрды, Керімбай орындық әкеліп берді. Мұхаметжан аға алдымен портфелін жерге орындыққа сүйеп қойды да, содан кейін ағайлармен амандасты. Біркезде аға портфелін көтеріп алдына алмады, не үстелдің үстіне қоймады, еңкейіп ішінен екі бүктелген қағазды алып, Жұматай ағаға ұсынды. Маған бұрылып:

— Е, айналайын!, - деп маған біраз сұрақ қойды, жауап бердім.

— Мен де ҚазҰУ бітірдім, мамандығым журналист. Туған ауылым – Қарақастек, сол шығармашылығымды дамытайын деп Майтөбенің баурайында жүрмін, - деді.

— Белгілі фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбаев ағаларың дәріс оқыды ма? – деп сұрады. Академик Мұхтар Әуезовтен бата алған, фольклор саласында кандидаттық және докторлық диссертация қорғады, біздің ауданның тумасы, Жетісудың дүлдүлі Сүйінбайдың шөбересі, - деп таныстырып өтті.

— Университетте фольклор танудан дәріс оқығанда Сұлтанғали аға алғашқы лекция күні өзін таныстыруда атап өткен болатын, - дедім.

— Жазсаң, міне саған кейіпкер, ағанда рухани дүние жетеді, - деп қоштап қойды Жұматай аға. Айналып, жазушы ағаның әкелген мақаласы маған келді, кешке радиодан оқитын болдым. Екі беттік мақала, қателеспесем, кездесу туралы болса керек.

Аудан өндіріс орындарынан ақпарат жинап, келіп кабинетке келсем, ағайлар үстел үстіндегі қағаздарын жинастырып жатыр екен. Есіме түспей отырғаны, күз не көктем айы ма деймін. Бір кеңседе ауданға танымал мүйізі қарағайдай Сүйінбай ақынның ұрпағы, адуынды Базарбек Атшабаров, журналист Жұматай Қалығұлов, корректор, ақын жігіт Керімбай Нүсіпқұлов және мен қатар отырып жұмыс істейміз. Мен кірген бойда ағалардың бірі - техникалық қызметкердің орнына тазалық жұмыстарын жүргізіп жатқанынан ұялды ма:

— Жазушы Мұхаметжан Етекбаев келетін болды, - деді. Мұхаметжан Етекбаев? Мектепте оқып жүргенде аудандық балалар кітапханасында өткен кездесу сап ете түсті есіме. Ағаның жаңа шыққан кітабын талқыладық қой деймін, шығармасы есімде жоқ. Аға оқушыларың сұрақтарына жай, асықпай жауап берді. Сол кездегі кітапхана директоры Фарида Жұматаева мен Нұршайым Чахмухамбетова апайлар оқушыларды әртүрлі шараларға шақыратын. Мектептен оқушылар баратынбыз.

Ағайлар есімін атаған жазушының тегі таныс болғанымен, түрін есіме түсіріп алмадым. Бір кезде Керімбай терезеге жаққа қарап, «Келе жатыр, келе жатыр» деді.

Кабинетке ұзын бойлы, ақ сары аға кіріп келді. Көзім бірден кара портфеліне түсті. Мұндай портфельді университеттің профессор ағайлары мен декан ұстайтын. Ол ғалымдардың қастарында ассисенттері бар, солар көтеріп жүретін. Күткен жазушы кіргенде, ағайлар орнынан





Арада кәдімгідей уақыт өтті. «Атамекен» газетінің бас редакторы Байжан Күмісжан Құайбергенқызы, Қарақастектегі «Сүйінбай» атындағы мектепте шара өтетінін айтып, жазуға тапсырма берді. Жолға шықтым.

Мектепте «Пәндер» апталығы өтіп жатыр екен, сол күні орыс тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігі апталығының қорытындысын шығаратын ашық сабаққа кірдік. Аудандық білім бөлімінен, аймақтық үлесі бойынша ауыл мектептерінің мұғалімдері жиналыпты. Ашық сабақты Айдарбекова Хазима Қожаханқызы өткізді. Сабақтан соң, сабақ туралы пікір алмасу біткенде апай келген қонақтарды үйден дәм татуға шақырды. Көптің соңына ілесіп, ұстаздың үйіне келсем... есік алдынан қонақтарды Мұхаметжан аға күтіп алды.

— Е, айналайын, сен де келдің бе? – көптен қалдырмай амандасып мәре-сәре болып жатты. Қонақтар дәм ауыз тиіп, асығыс екендіктеріін айтып шығып кетті. Мен ұстаздан сабақ туралы нақты мәлімет алатын болып қалдым.


Хазима Қожаханқызы: «Әуелі ағаң туралы жаз, содан кейін менің сабағым көшеміз» деп жолдасы, балаларының әкесі Мұхаметжан ағаға жолын беріп, қатар отыра қалды. Аға жанға жайлы қоңыр дауысымен өзі туралы жайлап әңгіме бастады.

Бала жасынан бала тақырыбына арналған қолда бар шығарманы бар ықыласымен оқып, дала төсінде таза ауада көкте самғаған бала қыранды бірде көрсе, бірде елестеткен Мұхаметжан әдебиетті жаны сүйіп өсті. Балаларға арналған қызықты әңгіме мен ертегі жазды, бала өмірін баяндады. Бала, балаға арналған рухани дүниемен барынша азықтансын деп ұлттық балалар әдебиетінің дамуына қалам тартты.

Жазушы «Алтын мүйізді киік» атты тұңғыш кітабын балаларға арнап жазды, ертегілер мен әңгімелер жинағы кітап болып 1961 жылы жарыққа шықты. Жүрегінде балалар өмірі, өз өмірімен астасып, қара сөзбен жазылған «Қисық бұтақ» атты мысалдар жинағы, «Қызыл ала автобус», «Жапалақ туралы ертегі», «Болатбек» повесі оқырманмен

қауышты. Болатбек Омаров өткен ғасырдың 30 - жылдары Қазақстан пионерлер қозғалысының белсенді мүшесі, колхоз құрылысына зиян келтіргендерді әшкерелеген батыр бала.

Жазушының зайыбы Хазима Қожаханқызы жұбайының сөзін қоштап, повесті 1972 жылы орыс тіліне аударып бергенін айтып өтті. 1971 жылы М.Етекбаевтың «Алатау ертегісі» атты ертегісі Мәскеудің «Детская литература» баспасынан «Острый коготь» деген атпен басылып шықты. Бұл мығарма 1978 жылы украин тіліне аударылып, Киевтің



«Веселка» баспасынан көп тиражбен жеке кітап болып шықты. Кітап неміс тіліне де аударылған.

Аға алғашқы туындылары университеттің «За отличную учебу» газетінде, «Қазақстан пионері», «Пионер», «Балдырған», «Лениншіл жас» - «Жас Алаш», басқада республика көлеміне таралатын балалар мен жастар



газет, журналдарының беттерінде 1956 жылдан бастап жариялана бастағанын айтып, жарияланған мақала, ертегі, әңгімелерінің сарғайған қиындыларын көрсетті. Бұл – нағыз келешекке қалатын мұра.

М.Етекбаевтың өмірі, шығармашылық жолы мен көзі тірісінде алған дүниелері сандықтың түбінде жатқанша, жарықта балалар мен жасөспірімдерге, Жетісудің жыр сүлейі Сүйінбай Аронұлының бейігіне құран бағыштап, ақынның әдеби – мемориалдық музейін көруге келген қонақтар атбасын бұрғанда, Қарақастек мәдениет үйін айналып өтпес деген ниетпен ғимараттан бөлме алған Хазима Айдарбекова, Мұхаметжан Етекбаевтың туғанына 80 жыл толуы қарсаңында арнайы жазушы атындағы әдеби-мемориалдық музейін ашты. Жақында мектеп оқушылары жазушының туғанына 90 жыл толуына орай М. Етекбаевтың «Болатбек» повесі, кейін толықтырылып «Бала қыран» аталып шыққан екінші кітабынан үзінділер көрсетіп, сахналық көріністер қойды.

Жыр алыбы – Жамбылдың республикалық әдеби-мемориалдық музейіне 1966 жылы директорлығына тағайындалған. Үздіксіз он үш жыл басқарыпты.

— Қызым, қара, Жәкеңнің музейіне басшылыққа келгенде Мұхаметжан Етекбаев не бітірді? – деген сұраулы жүзбен қарадың ғой. Тыңда, - деп әңгімесін әрі қарай жалғады. (Шынында да осы сұрақты қоюға дайындалып отырғаным рас еді, аға оны менен бұрын айтып қойды). —Музейге келіп, барлық жайымен толық танысқан соң, ең алдымен ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізілуі қажет деп бір қойдым. Сонымен музейдің ішін жаңарту, жәдігерлермен толықтыру жұмысына кірістім. Бұл – ұйымдастырушылық жұмысы оңай емес екен. Қасыма тәтенді музейдің әдеби қызметкері етіп қабылдады. Екеуіміз, музейдің қызметкерлері бар жаңаша реттеуді қолға алдық, - деп бір үзіліс жасадық. Аға өзінің Сүйінбай ақынның шәкірті Жамбыл бабамыздың 125 жылдық мерейтойы қарсаңында аса жауапты кезеңде басшылыққа келгенін айтып өтті.

— Бүгін осымен сөзімді аяқтайын, айта берсек, шығарма тақырыбы таусылған ба? Адамдармен әңгімелесу арқылы шығарманың тақырыбын тауып аламын. Балаларға ұзақ жазуға болмайды, қысқа жазу керек. Аға журналистік еңбек жолын Жамбыл аудандық «Ленин жолымен» (қазіргі «Атамекен»), Қаскелең аудандық «За коммунизм» (қазіргі «Заман жаршысы» - Naqy) газеттері редакциясында әдеби

қызметкерліктен бастаған. Мұнан кейін республикалық «Қазақстан пионері» газетінде істеген. Ал 1964 жылы Қазақ телевидениесіне ауысып, комментатор, редакторы қызметін атқарған.

Балалар мен жасөспірімдерге арнап 20-дан астам кітап жазып қалдырған Мұхаметжан Етекбаевтың туғанына 90 жыл толуы қарсаңында Хазима тәтемен кездесіп, сәлемдесіп, халық Мұхаң атап кеткен жазушы жайлы естеліктерді одан әрі өрбіттік.

Жаны жайсаң жандар, қарапайым алайда, жүрегі адалдықты сүйетін, сөзінен ғибрат алып, ісінен өнеге өрілген адамдар туралы айтатын естеліктер тізбегі үзілмей жалғасатыны белгілі. Мұхаметжан Етекбайұлы жайлы айтылған, алда айтылатын тағлым аз емес. Айдарбекова Хазима тәте ағамыздың тағы бір ерекше тапқырлығын есіне алды.

— Мұқаңның тағы бір ерлікке тең еңбегін айтуға тиіспін. Мұхаметжанның авторлығымен «Ақындар атасы» деген деректі фильм түсіріліп, 1973 жылы көпшілікке көрсетілді, - деп фильм туралы көрермендерден жылы лебіз естігенін айтып өтті.

Хазима Айдарбекова бар шығармасын көзінің қарашығындай сақтап отыр. Апайдың тынымсыз еңбегінің арқасында шығармалары оқырманын тауып келеді. Айталық, Мұхаңның «Қызыл ала жолбарыс» деген кітабы жарық көрді. Балалар журналына «Саурық батыр» атты аңыз-әңгімелерден үзінділер жарияладық. Хазима Қожақанқызымен алғашқыда мектепте бала оқытқан ұстаз ретінде таныстық. Кейіннен балалар жазушысы Мұхаметжан Етекбаев ағамыздың жары екенін білдік. Кеңірек таныса келе Алматы, бұрынғы Верныйдың құрылысын дамытып, бау-бақшасын, жасыл желегін көркейтуге бар өмірін арнаған, халқына жанашыр бола білген қоғам қайраткері – Медеу Пұсырманұлының шөбересі деп құрмет көрсетудеміз. Әңгімелесе келе Хазима Қожақанқызы аталары туралы үлкендерден естігенімен бөлісті. Медеудің ұлы Айдарбек, оның ұлы Қожақан, яғни Хазима тәтенің әкесі болып келеді. Бүгінде, жасы тоқсанға жақындаған Х.Қ.Айдарбекова ардагер ұстаз. Ұзақ жылдар атқарған еңбегі, жазушы жарының аяқталмай қалған арманы – шығармаларын қайта жаңғыртып, топтастырып оқырманға тарту еткен еңбегі лайықты бағаланып, көптеген марапаттарға ие болды. Қайтар жолда біздің оқушы кезіміздегі балалар кітапханасының кітапханаашысы Н.Чахмухамбетова апайды кездестірдім.

— **Иә, талай кездесуге келіп едік. Сендер оқушы кезде Мұхаметжан ағамен шығармашылығына арналған кездесулер өткізіп едік. Мұнда өзің білесің ғой, біздің аудан «Ақындар мен батырлар» елі десе, мен жазушылардың да мекені дейтінбіз оқушылармен кездесуде. Бізде жазушылар да көп қой, - деген Нұршайым апаймен қазақтың белгілі жазушылары Мұхаметжан Етекбаев, Сейдахмет Бердіқұлов, Әнуарбек Дүйсенбиев, Жұмабай Шаштайұлы, бүгінде ел ардақтысына айналған Нағашыбек Қапалбекұлы, Қалихан Уәлихан ағаларымызды атап өттік те, бір-бірімізге сау-сәлеметте болуды тілеп екеуіміз өз шаруамызбен кете бардық.**

**Ж.Кучукова, журналист.  
Жамбыл атындағы халықаралық  
сыйлықтың лауреаты**



Фото: <https://farabi.university/>

# ПОЧЕМУ Я ВЫБРАЛ ДОКТОРАНТУРУ КАЗНУ ДЛЯ СВОЕГО ИССЛЕДОВАНИЯ

**Сегодня статус PhD в мире претерпел серьезные изменения. Это больше не атрибут кабинетного ученого, оторванного от реальности. Современный докторант – это исследователь-прагматик, способный управлять сложными проектами, анализировать большие данные и предлагать решения актуальных проблем бизнеса, общества или государства.**

Понимая это, для реализации своего диссертационного исследования я целенаправленно выбрал КазНУ им. аль-Фараби. Как докторант этого университета, я хочу поделиться взглядом изнутри на то, как здесь выстроена система подготовки научных кадров нового формата.

Мой главный критерий при выборе вуза звучал так: университет должен обладать ресурсами для перевода идеи из теории в практику. КазНУ в этом плане работает как полноценный R&D центр.

Здесь поощряется фокус на прикладной характер исследований. На базе университета функционируют научно-исследовательские институты и центры, которые выполняют аналитические заказы государственного и международного уровней. Ты с первого года обучения понимаешь, что твоя диссертация должна не просто пылиться в архиве, а приносить реальную пользу.

В КазНУ очень быстро проходит процесс профессионального взросления. Подготовка диссертации здесь рассматривается как полноценный научный проект, где ты выступаешь в роли главного менеджера, а твои руководители (отечественный и зарубежный) – в роли старших консультантов и стейкхолдеров.

Университет предоставляет отличную возможность интегрироваться в реальные научные процессы. Большинство докторантов КазНУ являются участниками проектов грантового или программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования РК. Это бесценный опыт для будущей карьеры.

Университет дает главное – среду обитания. Здесь ты находишься в окружении ведущих профессоров Казахстана, амбициозных коллег и зарубежных визитинг-профессоров. Бренд КазНУ открывает многие двери, но статус PhD здесь нужно заслужить реальным трудом. Для тех, кто готов инвестировать три года в интенсивную интеллектуальную работу, этот университет предоставляет лучшую в стране платформу для старта большой карьеры — будь то в академической среде, технологическом секторе или государственном управлении.

**АХМЕТОВА Зауреш Болатхановна,  
ГАЛЯНДИН Владислав Евгеньевич,  
Казахский национальный университет имени  
Аль-Фараби,  
Кафедра «Бизнес-технологии»**

Қазақ халқы ежелден «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деп бекер айтпаған. Бұл нақыл сөздің терең мәні бар: адам өміріндегі бағыт-бағдарды, білім мен тәрбиені қалыптастыратын – ұстаз. Сондықтан әр шәкірттің жүрегінде өзіне ерекше әсер еткен, жол көрсеткен ұстазы болады. Мен үшін сондай ардақты жандар – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жолдасова Тұрсынай Көпбосынқызы мен химия пәнінің мұғалімі Қыстауова Айжан Алшынбайқызы туралы жылы лебісімді білдіруді жөн көрдім.



## ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ЕҢ ҚАДІРЛІ ТҰЛҒА?

### ОЛ – АРДАҚТЫ ҰСТАЗ

Тұрсынай апайдың әр сабағы мен үшін ерекше әлемге саяхат сияқты. Ол тек грамматика мен ережелерді үйретіп қана қоймай, қазақ әдебиетінің терең мағынасын, ұлттық құндылықтарды жүрегімізге жеткізе біледі. Сабақ барысында ақын-жазушылардың шығармаларын талдап, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін түсінуге көмектеседі. «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» дегендей, апай бізге кітаптың қадірін түсіндіріп, оқуға деген сүйіспеншілігімізді арттырды. Оның сабағында әр оқушы өз ойын еркін жеткізе алады, пікір алмасады, ойлануға үйренеді. Тұрсынай апай ұстаз болмысына тән қатал

көрінгенімен, анамыздай мейірімді. Талапшылдығы арқылы әр оқушының орнын тауып, әрқайсысына жеке көңіл бөледі.

Ал Айжан апайдың химия сабағы көпшілікке қиын көрінгенімен, ол пәнді барынша қызықты етіп түсіндіруге тырысады. Химия күрделі болса да, апай өз жұмысына барын салып, әр тақырыпты қарапайым әрі түсінікті жеткізеді. Ол оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, қиындықтардан қорықпауға үйретеді. «Білім – инемен құдық қазғандай» дегендей, Айжан апай бізді шыдамдылыққа, еңбектенуге және ізденуге баулиды.

Қос ұстазымның ортақ қасиеті – оқушыларға деген шынайы қамқорлығы мен жанашырлығы. Олар әрқайсымыздың қабілетімізді байқап, қолдап, дұрыс бағыт береді. Кейде бізге тек білім емес, өмірлік кеңес те береді. Ұстаздар біздің болашағымыз үшін аянбай еңбек етіп, өз үлестерін қосып келеді. Осындай сәттерде «Ұстаз – ұлы есім» деген сөздің мағынасы айқын сезіледі.

Ұстаз тек пән үйретуші ғана емес, ол – тәрбиеші, ақылшы, бағыт беруші. Адам өмірінде ата-анадан кейінгі ең маңызды тұлға да – ұстаз. Сондықтан олардың еңбегі әрқашан құрметке лайық. Мен өзімді осындай керемет ұстаздардың шәкірті болғанымға бақытты сезінемін.

Қорытындылай келе, ұстаздың еңбегін ешнәрсемен өлшеу мүмкін емес. Олар болашаққа жол ашады, әр шәкірттің жүрегіне білімнің шырағын жағады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, Тұрсынай апай мен Айжан апай бізге білім беріп қана қоймай, жақсы адам болуға тәрбиелеп келеді. Осындай ұстаздар барда еліміздің болашағы жарқын екеніне сенімім мол.

**ЕГІЗБАЙ Айшат,**  
**«Ы.Алтынсарин атындағы»**  
**орта мектептің 8-сынып оқушысы**  
**Қырбалтабай ауылы, Енбекшіқазақ ауданы,**  
**Алматы облысы**



# Мои ученики – источник вдохновения



Время неумолимо движется вперёд. За плечами Надежды Михайловны, много лет нелёгкого педагогического труда, но она по-прежнему деятельная, с огромным, неиссякаемым чувством любви к детям; весёлая и доброжелательная, ответственная и целеустремлённая. Выпускники Надежды Михайловны, с искренней и тёплой благодарностью говорят об огромном багаже знаний, о чистых духовных качествах, которые она вложила в них. Многие её воспитанники стали победителями, обладателями дипломов 1-2 степени Республиканских научных конференций, предметных



олимпиад, интеллектуальных конкурсов. Среди них, Беримкулова Толжан, Садовиков Сергей, Абиш Алмаз, Оспанова Венера, Исламов Ильдар и многие другие. В настоящее время, Надежда Михайловна активно внедряет в практику информационно - коммуникационные технологии обучения и воспитания школьников.

Богатый запас знаний, отличная теоретическая подготовка, огромный практический опыт, помогают ей наиболее полно и всесторонне раскрывать интеллектуальный, духовный, нравственный потенциал каждого учащегося.

За безупречный труд в деле обучения и воспитания школьников, Надежда Михайловна награждена Почётной

Грамотой Министерства образования РК, Благодарственным письмом Министерства образования РК, Грамотой акима г.Алматы, Дипломом ректора университета «Туран», доктором экономических наук, профессора Р.А.Алшанова и многими другими наградами.

Богатый педагогический опыт Надежды Михайловны обобщён в РК. В апреле 2019 г., в марте 2020 года на Республиканском телеканале "Хабар" были показаны уроки, проведенные с учащимися 3 «А» и 9 «Б» классами КГУ ШГ 118 г.Алматы.

Недавно, в нашей школе прошла предметная декада



по истории. Среди увлекательных мероприятий, прошли интересные открытые уроки, викторины, конкурсы, выставки творческих работ учащихся. Например, открытый урок в 9 «А» классе на тему «АСТАНА - столица независимого Казахстана» является ярким примером проявления патриотизма учащимися к своей Родине, их высокого уровня знаний истории Казахстана. В нашей памяти навсегда останутся неповторимые, яркие, интересные уроки нашей любимой учительницы - Надежды Михайловны.

**КОНЫШЕВ Ален,  
САДИВАКАСОВА Аяна,  
ученики - 9 «А», 9 «Г» классов  
КГУ ШГ №118 г.Алматы**



Кітап – адамзаттың ең қымбат рухани байлығының бірі. Ол адамға білім беруден басқа, оның ойлауын кеңейтеді, қиялын дамытады және рухани тұрғыдан байытады. Әсіресе жасөспірімдер мен балаларға кітап оқу өте маңызды. Бүгінгі күні технология дамып, адамдар телефон мен әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізсе де, кітаптың орны өзгеше.



## КІТАП ОҚУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Алдымен, кітап оқу адамның сөздігін байытады. Көп оқыған адам өз ойын анық және көркем түрде білдіре алады. Ол жаңа сөздерді үйренуден басқа, оларды дұрыс қолдануды да үйренеді. Бұл мектепте оқытатын сабақтарға да, күнделікті өмірдегі қарым-қатынасқа да пайдасы зор. Сонымен қатар, кітап оқу жазудың сапасын арттырады. Грамматикалық қателер азайып, жазу тәртібі жақсаратыны сөзсіз.

Кітап оқу адамның ойлау қабілетін де дамытады. Әрбір оқылған кітап оқырманды ойлануға, талдауға, салыстыруға үйретеді. Кейіпкерлердің істеген істерін бағалаған сайын адам өзінің дұрыс және бұрыс әрекеттерін ажыратуды үйренеді. Бұл жасөспірімдердің өмірлік көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді. Олар қиын жағдайларда шешім қабылдауды да кітап арқылы үйренеді.

Кітап адамның қиялын дамытады. Әсіресе әдеби кітаптарды оқыған кезде оқырман оқиғаны өз көзімен көруге тиіс. Бұл шығармашылық қабілетін арттырады. Қиялы дамыған бала болашақта жаңа идеяларды ойлап табуға, ерекше ойлауға бейім болады. Сондықтан кітап оқу тек білім алу ғана емес, шығармашылық дамудың да негізі болып табылады.

Кітап оқудың тағы бір маңызды пайдасы – адамның эмоционалдық

жағдайына ықпал етуі. Қызықты кітапты оқығанда адам демалып, күйзелісінен арылады. Кейіпкерлердің өмірін бірге бастан кешкен адам өз эмоцияларын түсінуді үйренеді. Бұл әсіресе жасөспірім кезеңінде өте маңызды, өйткені бұл уақытта балалар түрлі сезімдерді бастан кешеді.

Сонымен қатар, кітап оқу уақытты тиімді пайдалануға көмектеседі. Бос уақытты пайдасыз өткізбеудің ең жақсы жолдарының бірі – кітап оқу. Бұл әдет адамды тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Кітап оқуды күнделікті әдетке айналдырған адам өмірде де табысты болуға бейім келеді.

Кітап оқу – адамның толық дамуына ықпал ететін маңызды іс-әрекет. Ол білім береді, ойды дамытады, қиялды ұштайды және адамды рухани байытады. Сондықтан әрбір жасөспірім мен бала кітап оқуды әдетке айналдыруы керек. Кітап – сенімді дос, әрі болашаққа бастайтын жол.



**ДОСАЛИЕВА Несібелі,**  
Қызылорда облысы,  
Жаңақорған ауданы  
«№223 орта мектебінің»  
11 сынып оқушысы.

Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы мен  
[www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі

«Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», - деп Ахмет Байтұрсынұлы атамыз бекер айтпаған. Бұл сөздердің астарында терең мән жатыр, және бүгінгі қоғамға тікелей қатысты маңызды ойды білдіреді. Мен бұл пікірмен толық келісемін, себебі тіл – ұлттың жаны, оның өмір сүруінің негізі.



# ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Тіл – ұлттың жаны, рухы және болашағы.  
Тілімізді қадірлеп, келер ұрпағына  
мол мұра етіп қалдыру – әрқайсымыздың парызымыз.

Қазіргі қоғамда өз ана тілімізде сөйлеу үлкен мәселе болып отыр. Бұл ұлттық сана мен мәдени құндылықтарымыздың әлсіреуінің белгісі. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда халқымыз қазақ тілінде сөйлеуге қысылады, тіпті ұялады. Олар өзге тілде сөйлегенді заманауи, ал қазақша сөйлеуді екінші орынға қоятын жағдайлар кездеседі.

Мен ойға шомдым: неге кейбір адамдар өз ана тілінде сөйлеуге ұялады?

Бұл сұрақтың жауабы бір ғана себеппен шектелмейді. Біріншіден, бұл – тарихи кезеңдердің қалдырған ізі. Ұзақ уақыт бойы өзге тілдің үстем болуы адамдардың санасына әсер етіп, сол тілде сөйлеуді қалыпты, тіпті беделді нәрсе ретінде қалыптастырды.

Тарихқа шолу жасасақ, кеңестік кезеңде, әсіресе 1960-жылдардан бастап, қазақ тілінің қолданылу аясы біртіндеп тарылғаны байқалады. Сол уақытта кейбір қазақ мектептері «болашағы жоқ» деген желеумен жабылып, олардың орнына орыс тіліндегі мектептер ашылды. Бұл жағдай тілдің тек білім беру саласына ғана емес, жалпы қоғамдағы беделіне де әсер етті. Соның салдарынан бірнеше буын өз тілінен гөрі өзге тілді «қажеттірек» деп қабылдап өсті.

Екіншіден, қазіргі қоғамдағы орта мен әлеуметтік орта үлкен рөл атқарады. Адам көбіне қай тілде көп естіп, қай тілде сөйлесе – соған бейімделеді. Егер мектепте, достар арасында немесе қала өмірінде өзге тіл басым болса, қазақша сөйлеу кейбіреуге «ерекше» немесе «үйреншікті емес» болып көрінеді. Үшіншіден, қоғамдағы пікір мен адамдардың реакциясы да үлкен рөл атқарады. Кейбір ортада қазақша сөйлеген адамды толық түсінбеу, тіпті мазақ ету сияқты жағдайлар кездеседі. «Артық сөйлейді»



дегендей қабылдайтындар бар. Неге олай? Негізі, ол – қалыпты нәрсе ғой. Керісінше, солай сөйлеу керек емес пе? Осындай қысым жасөспірімдердің өз тілінде еркін сөйлеуіне кедергі болып, оларды еріксіз өзге тілге бейімдейді. Уақыт өте келе бұл жағдай тілден ұялу сезімін қалыптастырады. Мен бұны ойласам, ішім ашиды. Қаншама жыл бойы зиялыларымыз өз ана тілімізде еркін сөйлей алуы аңсады, сол үшін күресті. Ал қазір бізде мүмкіндік бола тұра, кейбіріміз сол тілде сөйлеуден қысыламыз. Осыны өзім біртүрлі әділетсіздік сияқты қабылдаймын.

Сондықтан бұны өзгерту біреуден емес, өзімізден басталауы қажет. Өз тілімізде сөйлеуді қалыпты нәрсе ретінде қабылдамайынша, жағдай өзгере қоймайды адам өз түп-тамырынан алыстап, ұлттық болмысын әлсірете бастайды.

Тілді бағаламау – ата-бабамыздан жеткен ең үлкен аманаттың бірімен байланысты үзіп алу деген сөз. Ал бұл өз кезегінде ұрпақ сабақтастығына сызат түсіреді.

Сондықтан біз ақын Қадыр Мырза Әлидің «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген ұстанымды тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде де ұстануымыз қажет. Басқа тілдерді үйрену – білім мен дамудың жолы, ал өз ана тілін қадірлеу – ұлттық сананың көрсеткіші.

**ҚҰТТЫБАЙ Азиза,**  
Алматы қаласы,  
Наурызбай ауданы, «№176  
мектеп-гимназиясының»  
11 «Ә» сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi  
shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік  
басылым сайтының Жас тілшісі  
Сурет: <https://maksatschool.kz/>



**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,  
Қазақстан Республикасының Президенті:**

«Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптарды шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында. Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек»

**(Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдағы сөзінен.  
<https://24.kz/kz/zha-aly-tar/sayasat/653148-asym-zhomart-to-aev-zh-ne-aza-tili>)**

Еңалдымен, мемлекеттік тілдің қоғамдық қатынастардағы орнына тоқталайық. Ресми құжаттарда, білім беру жүйесінде, бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінің үлесі артқаны рас. Соңғы жылдары қазақ тіліндегі контент көлемі көбейіп, жастар арасында тілге деген қызығушылық жандана бастады. Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы жүйелі саясаттың нәтижесі.

Алайда мәселенің екінші қыры да бар. Ірі қалалардағы қызмет көрсету саласында, кейбір мемлекеттік мекемелерде, бизнес құрылымдарында қазақ тілінің қолданылу деңгейі біркелкі емес. Кей жағдайда азамат өз елінде мемлекеттік тілде қызмет ала алмай жатады. Бұл – заң талабына ғана емес, азаматтың құқығына да қатысты мәселе. Мемлекеттік тілдің шынайы мәртебесі оның қағаздағы статусымен емес, күнделікті қолданысымен өлшенуі тиіс.



# Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – жастардың міндеті

Тіл мәселесі көбіне эмоциямен қабылданады. Бірақ оны тек ұран деңгейінде көтеру мәселені шешпейді. Негізгі түйін – тілдің бәсекеге қабілеттілігінде. Егер қазақ тілі ғылымның, технологияның, бизнестің, заманауи коммуникацияның тіліне айналса, оның қолданыс аясы табиғи түрде кеңейеді. Демек, мәселе мәжбүрлеуде емес, сапалы орта қалыптастыруда жатыр.

Білім беру саласы бұл бағытта шешуші рөл атқарады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі заман талабына сай болуы қажет. Тілді тек грамматикалық ережелер жиынтығы ретінде емес, ойлау құралы, заманауи коммуникация тілі ретінде үйрету маңызды. Сонымен қатар қазақ тіліндегі сапалы оқулықтар, ғылыми еңбектер, цифрлық ресурстар көбейген сайын, оның функционалдық әлеуеті арта түседі.

Ақпараттық кеңістіктің ықпалы да зор. Бүгінде жастардың басым бөлігі ақпаратты әлеуметтік желі мен интернеттен алады. Егер бұл кеңістікте қазақ тіліндегі сапалы, тартымды, бәсекеге қабілетті контент жеткілікті болса, тілдің қолданылу аясы кеңейе береді. Соңғы жылдары қазақша подкаст, блог, сараптамалық материалдардың көбеюі – оң үрдіс. Алайда санмен қатар сапа мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс.

Меніңше, тіл мәселесінде қарсы қою емес, біріктіру ұстанымы басым болуы керек. Қазақ тілін дамыту өзге тілдерді шектеу деген сөз емес. Көптілділік – артықшылық. Бірақ мемлекеттік тіл қоғамды біріктіруші фактор ретінде толыққанды қызмет атқаруы тиіс. Ол үшін әр азамат тілге жауапкершілікпен қарауы қажет. Мемлекеттік тіл – тек филологтардың немесе мемлекеттік органдардың емес, баршамыздың ортақ құндылығымыз.

Қорытындылай келе, қазақ тілінің болашағы заңдық нормалармен ғана емес, нақты қоғамдық сұраныспен айқындалады. Егер тіл экономиканың, білімнің, технологияның, мәдениеттің негізгі құралына айналса, оның мәртебесі табиғи түрде нығаяды. Сондықтан мемлекеттік тілдің дамуы – ұзақ мерзімді, жүйелі әрі ортақ жауапкершілікті талап ететін үдеріс. Тіл тағдыры – ұлт тағдыры. Ал ұлт болашағы өз қолымызда.

**Жанерке ҚАЛАС,  
Қызылорда облысы, Қазалы  
ауданы, Шәкен ауылы,  
«№134-орта  
мектебінің» 11-сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi  
shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі**

**Жетекшісі: Өтетілеуов Айдарбек,  
Қазақ тілі және Әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі**



**«Modern Media Almaty» ЖШС – не қарасты Республикалық «Farabi Shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі атанған күнім 14 мамыр, мен үшін мәртебесі биік күндердің бірі болды. Бұл – еңбек пен терең ізденістің арқасында алынған куәлігім. Мен үшін бұл сәт, журналистік жолымның іргетасын құраған, мәртебесі биік куәлік.**

## **Әл-Фараби мектебінің оқушысы «Фараби шәкіртінің» – Жас тілшісі**

Осыдан 1 жыл бұрын кітап жазсам, енді мақала жазып журналистикаға қадам бастым. Бұл марапат тек менің ғана атымды емес мектебімнің даңқын асқақтатты.

Жас тілші куәлігін тапсыру сәтіне мектеп директоры Мустафина Бақшагүл Байзаққызы қатысып, маған мамандық таңдауда қателеспей өзімді тапқанымға қолдау білдіріп, сәттілік тіледі. 11 – сынып оқушылары мені қолдап, акт залына тола кетті.

Мамандық таңдау әр оқушы да әртүрлі болады. Бір оқушы ата-анасының жолын жалғастырып, ізбасары болуды мақсат етеді. Бір оқушы о баста көңілі қалаған мамандықты таңдап жүреді де, соңғы сәтте қабілетін байқап басқасын таңдайды. Менің шығармашылыққа жақын қабілетім тұңғыш кітабымды жазып, баспадан шыққанда байқалды деуге болады. Талантымды бағалап, журналистикаға баруыма ұсыныс айтқан ол - менің мектебімдегі ұстаздарым. Олар маған сенім артып, ынталандырды. Атап айтқанда, шығармашылық жетекшім - Сайын Аида Меңдібайқызы, директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, Қазақ тілі мен әдебиет

пәні мұғалімі және кафедра меңгерушісі-Салтанат Амантайқызы.

Алдағы арным (қазіргі таңда барлық түлектердің арманы) қалаған ЖОО грант иегері атану. Сол үшін бос уақыт қалдырмай, еңбектеніп ҰБТ – ға бар күшімді салып жатырмын. Мұның сыртында шығармашылығым өз алдына. Бақытымның белесі-еңбегімнің жемісі. Болашаққа қойған мақсатым нық! Еліме адал әрі ерең қызмет ету. Мақсатыма жету үшін тынбай еңбектене беремін!

**КЕЛЬДЫБАЕВА Алуа,**  
**Алматы облысы, Қарасай ауданы**  
**«Әл-Фараби атындағы мамандандырылған**  
**лицейінің» 11 «Г» сынып оқушысы.**  
**Республикалық «Farabi shakirti» журналы**  
**мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым**  
**сайтының Жас тілшісі**  
**Шығармашылық жетекшісі:**  
**Сайын Аида Меңдібайқызы,**  
**директордың ғылыми-әдістемелік**  
**жұмыстары**  
**жөніндегі орынбасары.**



# «ҰСТАЗ - ЖҮРЕКТЕ МӘНГІ САҚТАЛАТЫН ТҰЛҒА»

## Құрметті Гүлнар Советқызы!

Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға аман-дық тілейміз! Еңбегіңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің қуанышына әрдайым бөлене беріңіз. Сіздей ұстаздың шәкірті болу - біз үшін үлкен мақтаныш.

11 «Б» сыныбы сізді әрдайым жақсы көріп, мақтан тұтады!

Біздің жүрегімізден ерекше орын алған аяулы ұстазымыз - Билалова Гүлнар Советқызы. Ұстаз болу - жай ғана мамандық емес, ол үлкен жүрек пен сарқылмас сабырды талап ететін қасиетті жол. Осындай ұлы жолды өмірінің мәніне айналдырған Гүлнар Советқызы 1993 жылдан бастап ұстаздық қызметін абыроймен атқарып келеді. Алматы шет тілдер институтын тәмамдап, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі ретінде сан мыңдаған шәкірттің жүрегіне білім нұрын себуге. Биыл ұстазымыздың еңбек жолына 33 жыл толып отыр.

Осы жылдар ішінде ол тек ағылшын тілін үйретіп қана қоймай, шәкірттеріне адамгершілік, тәрбие, еңбекқорлық пен биік мақсатқа ұмтылуды үйретті. Ұстазымыз бірнеше сыныпқа жетекшілік етіп, әр баланың жүрегінен жол таба білді. Біз үшін ол тек мұғалім емес, ақылшы, қамқор жан, екінші анамыздай болып кетті.

Ұстаз еңбегінің жемісі - оның шәкірттері. Гүлнар Советқызының тәрбиесін көрген оқушылар түрлі салада биік жетістіктерге жетуге. Соның дәлелі ретінде шәкірттерінің жетістіктерін мақтанышпен айта аламыз.

Бияхметова Нұрай «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламасын білім алушылар арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – үлгі» атты республикалық байқауда екінші дәрежелі диплом



иеленді. Мақсұтқан Нұрәлі бокстан халықаралық және республикалық турнирлердің жеңімпазы атанды. Алтынбекова Ақбота ағылшын тілі пәнінен республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жүлдегері болды. Амантай Айман – менің мақалаларым «Уақыт тынысы», «Ұлан» газеттері мен «Фараби шәкірті – Farabi Shakirti» журналы беттерінде жариялануда. Мен 2026 жылы Республикалық «Фараби шәкірті» журналының «Жас тілшісі» атандым. Ал Жүнісов Арман қазіргі таңда елге танымал дәрігер болып қызмет етуде.

Осындай жетістіктердің барлығы - ұстаздың адал еңбегі мен берген тәрбиесінің нәтижесі. Гүлнар

Советқызына біздің барлық еркелігімізді көтеріп, мінезімізге түсіністікпен қарап келеді. Кейде қатты ұрысса да, оның әр сөзі біз үшін тәрбиелік мәні бар екенін түсінеміз. Өйткені ол бізді жақсы көргендіктен, болашағымыздың жарқын болғанын қалайды.

11 «Б» сыныбы үшін Г.С. Билалова ерекше жан. Біз оны шын жүректен жақсы көреміз. Себебі ол бізге тек ұстаз ғана емес, мектептегі ең жақын адамымызға айналды. Оның сабағы, айтқан ақылы, тіпті ұрысқан сәттері де біз үшін ыстық естелік болып қала береді.

Биыл біз мектеп қабырғасымен қоштасқалы тұрмыз. Бірақ біздің жүрегімізде ұстазымыздың орны әрқашан ерекше болып қала береді. Себебі нағыз ұстаздың берген білімі мен тәрбиесі ешқашан ұмытылмайды.

Бұл мақала Билалова Гүлнар Советқызы ұстазымызға оқушысы Амантай Айманнан мектеп бітіру сәтінен естелік ретінде арналады. 20.05.2026 жыл

Абай облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылы, «Бауыржан Момышұлы атындағы» КММ ОМ



# ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Cyber:<https://e-history.kz/>



Баспасөз - газеттер, журналдар және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары. Халыққа журнал, газет шығаруға біраз уақыт рұқсат етілмеді. XX ғасырдың басында, нақты айтқанда, 1905 жылы баспасөз бостандығына қол жеткіздік. Қазақ баспасөз тарихының бастауы XIX ғасырдың екінші жартысында 1870-1888 жылдары Ташкентте шыққан «Түркістан Уәлаяты» газетінен бастау алады. Одан кейін 1888-1902 жылы Омбы қаласында «Дала Уәлаяты» - шығарылып тұрды. Екі басылым да патша үкіметінің жергілікті басқару органдары арқылы басылып, тарады. Бұл газет 2 тілде қазақ-өзбек тілінде, араб харпімен жазылған.

1905 жылы Баспасөз бостандығы жарияланғаннан кейін, халық өз газет, журналдарын шығара алатындай құқыққа ие болды. Бірақ цензура сақталды. Тыйым салынған тақырыптар: діни және ұлттық мәселелер; саясат жайлы және тағы басқа.

1907 жылы Санкт-Петербургте М.Дулатұлының бастамасы бойынша «Серке» газеті жарық көрді. Ол алғашында «Ульфат» атты татар газетінің қосымшасы ретінде шығып тұрды. Қаржылай көмек берген Ш.Қосшығұлұлы еді.

Негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы қалаған «Қазақ» газеті - 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында шығарылып тұрды.

Ақын, жазушы, журналист, публицист, қазақ журналистикасының атасы Мұхамеджан Сералин «Айқап» журналын 1911-1915 жылдары Орынбор губерниясының, Троицк қаласында шығарды. Редакторлық М.Сералин өзі атқарды.

1913 жылдың 2 ақпанынан бастап халыққа жол тартқан «Қазақ» газеті 1918

жылға дейін 266 саны шығып үлгеріпті. Халықтың көзі, құлағы һәм тіліне айналған «Қазақ» газетіне биыл 113 жыл толды. <https://e-history.kz/> «Қазақ» газеті – Алаштың ұлттық мінбері. Авторы Еркін Рахметұллин.

Балаларға арналған «Балапан» журналы 1914-1918 жылы Омбы қаласында шықты. Басшысы алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы, журналист. Қошке (Қошмұхамбет) Дүйсебайұлы Кеменгеров еді.

«Абай» журналы 1918 жылы Семейде алғашқы редакторы Жүсіпбек Аймауытовтың басшылығымен жарыққа шықты. Журналдың жариялануына заңғар жазушы Мұхтар Әуезов белсенділік танытты. 11-ші саны жарық көргеннен кейін журнал өз жұмысын тоқтатты.

Қазақ баспасөзінің тұңғышы «Түркістан Уәлаяты» газетінің шыққанына Баспасөз қоғамда маңызды рөл атқарады. Ол кезде қазақ зиялылары газет пен журналдарға мақалалар жариялай отырып, қазақ халқының сана-сезімін оятуға тырысты. Көбінесе жер, әйел тағдыры және оқу-ағарту ісі жөніндегі өзекті мәселелер қозғалатын. XX ғасырда журнал, газеттер тек ақпараттың қайнар көзі ғана емес, ұлтты жаңғыртушы күші еді.



**САДЫРБЕКОВА Райхан,**  
Ақмола облысы, Көкшетау  
қаласының №21 мектеп-лицейінің 11  
сынып оқушысы.

Республикалық «Farabi shakirti»  
журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым сайтының Жас  
тілшісі

\*Мақалаға мәліметтер ашық  
дереккөздерінен алынды.

Таңертен оянған сәттен бастап қолымыз телефонға созылады. Хабарламаларды тексеру, әлеуметтік желі қарау, видео көру – мұның бәрі күнделікті әдетке айналды. Смартфон адам өмірін жеңілдеткенімен, адамдарды өзіне тәуелді етіп бара жатқандай. Бүгінде қоғамды телефонсыз елестету қиын. Көпшілік бос уақытын телефонмен өткізеді, тіпті жақын адамдармен сөйлескен кезде де назарын экраннан ажырата алмайды.



## «СМАРТФОНҒА БАЙЛАНҒАН ҚОҒАМ»

Смартфон арқылы біз ақпарат аламыз, білім үйренеміз, достарымызбен байланысамыз. Алайда оның шектен тыс қолданылуы адам денсаулығына да, психологиясына да кері әсерін тигізеді. Әсіресе жасөспірімдер арасында телефонға тәуелділік кең таралып барады. Уақытты бос өткізу, ұйқының бұзылуы, шынайы өмірден алыстау – мұның бәрі смартфонға шамадан тыс әуестенудің салдары. Сондықтан смартфонның пайдасы мен зиянын ажыратып, оны дұрыс пайдалану – қазіргі қоғам үшін маңызды мәселелердің бірі.

Бірде сабақ оқып отырып, телефонды қолыма алдым. Бар болғаны бірнеше минутқа ғана әлеуметтік желіні қарап шығамын деп ойлағанмын. Бірақ бір видеодан кейін екіншісі шығып, уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай қалдым. Есімді жиғанда бірнеше сағаттың өтіп кеткенін көріп, уақытымның босқа кеткеніне өкіндім. Сол сәтте смартфонның адамды өзіне қалай тез тәуелді ететінін түсіндім.

Осындай жағдай бүгінде көптеген адамдардың өмірінде кездеседі. Тіпті кейбір адамдар жақындарымен сөйлескен кезде де назарын телефоннан ажырата алмайды. Смартфон ақпарат алуға, білім үйренуге және байланыс жасауға көмектескенімен, оны шамадан тыс қолдану адамды шынайы өмірден алыстата бастайды. Сондықтан телефонды тиімді пайдаланып, уақытты бағалай білу – әр адам үшін маңызды.

Смартфонның пайдалы жақтары да көп. Оның көмегімен адамдар жылдам ақпарат алып, сабақ оқып, әлеммен байланыс жасай алады. Әсіресе оқушылар үшін телефон – білім алуға көмектесетін құрал. Алайда оны шектен тыс қолдану денсаулыққа зиян тигізеді. Ұзақ уақыт телефон қарау көздің көру қабілетін төмендетіп, ұйқының бұзылуына әсер етеді. Сонымен қатар адамдардың бір-бірімен тікелей сөйлесуін азайтып, оларды виртуалды әлемге тәуелді етеді.

Смартфонның зияны да аз емес. Қазіргі

кезде көп адам уақытын телефонға жұмсап, пайдалы істерге көңіл бөлмей жатады. Әсіресе әлеуметтік желілер мен түрлі ойындар адамды өзіне тез тартып алады. Соның салдарынан адамдардың сабаққа деген қызығушылығы төмендеп, уақытты дұрыс пайдалану да қиындай түседі.

Сонымен қатар телефонды ұзақ пайдалану денсаулыққа кері әсер етеді. Көздің көру қабілеті нашарлап, адам тез шаршайды. Кейбір адамдар түнге дейін телефон қарап, ұйқы режимін бұзып алады. Бұл адамның денсаулығына ғана емес, көңіл күйіне де әсер етеді. Смартфонға шамадан тыс тәуелді болу адамдарды шынайы өмірден алыстатып, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасты азайтады.

Қорытындылай келе, смартфон – адам өмірін жеңілдететін әрі күнделікті тұрмыста маңызды орын алатын құрал. Оның көмегімен адамдар ақпарат алып, білім үйреніп, әлеммен байланыс жасай алады. Алайда смартфонды шектен тыс пайдалану көптеген мәселелерге алып келеді. Телефонға тәуелділік адамның уақытын бос өткізуіне, денсаулығының нашарлауына және шынайы өмірден алыстауына себеп болады.

Қазіргі қоғамда көптеген адамдар телефонсыз бір күнін де елестете алмайды. Бұл технологияның адам өміріне қаншалықты әсер еткенін көрсетеді. Сондықтан әр адам смартфонды орнымен пайдаланып, уақытты тиімді жұмсай білуі керек. Телефон адамға қызмет етуі тиіс, ал адам телефонға тәуелді болмауы қажет. Тек сонда ғана біз технологияны пайдалы құрал ретінде дұрыс қолдана аламыз.

**КАНАТҚЫЗЫ Нұрайым,**  
«№58 Ы.Алтынсарин атындағы  
шағын жинақты  
жалпы білім беретін мектептің»  
11 – сынып оқушысы,  
Түркістан облысы, Келес ауданы,  
Бозай ауылы.



# АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ LRT: КӨПТЕН КҮТКЕН ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Астана қаласында жеңіл рельсті көлік жүйесінің (LRT) іске қосылуы – еліміздегі көлік саласындағы маңызды жаңалықтардың бірі. Көп жылдар бойы талқыланып, түрлі қиындықтарды бастан өткерген жоба ақыры жүзеге асып, қала тұрғындары мен қонақтарының игілігіне берілді. Бұл жаңалық ел ішінде үлкен қызығушылық тудырды, себебі LRT тек жаңа көлік құралы ғана емес, сонымен қатар қаланың дамуына әсер ететін маңызды инфрақұрылымдық жоба болып саналады. Астана – күн сайын өсіп, халқы көбейіп жатқан мегаполис. Сондықтан көлік кептелісін азайту, тұрғындардың уақытын үнемдеу және қауіпсіз қоғамдық көлік жүйесін дамыту мәселесі өзекті болды. Осы тұрғыдан қарағанда, LRT-ның ашылуы қаланың жаңа даму кезеңіне қадам басқанын көрсетеді.

LRT жобасының тарихы: Астанада LRT салу идеясы бірнеше жыл бұрын пайда болған еді. Негізгі мақсат – қаланың негізгі аудандарын бір-бірімен байланыстырып, жолаушылар қозғалысын жеңілдету болатын. Жоба алғаш ұсынылған кезде халықтың арасында үлкен үміт пайда болды. Себебі әлемнің дамыған қалаларында мұндай көлік жүйесі өте тиімді жұмыс істейді. Мысалы, көптеген елдерде жеңіл рельсті көлік халыққа жылдам әрі ыңғайлы қызмет көрсетеді. Алайда бұл жоба оңай жүзеге аспады. Құрылыс барысында қаржылық қиындықтар, жобаны тоқтату мәселелері және түрлі пікірталастар болды. Кейбір адамдар бұл жобаның болашағына күмәнмен қарады. Қала ішінде ұзақ уақыт бойы аяқталмай тұрған тіректер мен құрылыс жұмыстары тұрғындарға ыңғайсыздық тудырды. Бірақ уақыт өте келе құрылыс қайта жалғасып, жоба толық аяқталды.

2026 жылы LRT ресми түрде іске қосылып, Астана тұрғындары жаңа көлік жүйесін пайдалана бастады. Бұл – ұзақ күткен еңбектің нәтижесі деуге болады.

LRT-ның ерекшеліктері: Астанадағы LRT жүйесінің басты ерекшелігі – оның жылдамдығы мен ыңғайлылығы. Жеңіл рельсті көлік арнайы жолмен қозғалады, сондықтан көлік кептелісіне тәуелді болмайды. Бұл әсіресе жұмысқа немесе оқуға асығатын адамдар үшін тиімді. LRT бағыты әуесжайдан басталып, «Нұрлы жол» теміржол вокзалына дейін жалғасады. Бұл бағыт қаланың маңызды нүктелерін байланыстырады. Жолаушылар бірнеше минут ішінде бұрын ұзақ уақыт алатын жолды жүріп өте алады. Сонымен қатар станциялар заманауи талаптарға сай жасалған. Күту алаңдары ыңғайлы, қауіпсіздік жүйелері орнатылған және мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған жағдайлар қарастырылған.



Тағы бір маңызды ерекшелік – экологиялық тазалығы. Кәдімгі автобустар мен автокөліктер ауаға зиянды газдар шығарады. Ал LRT электр қуатымен жұмыс істейтіндіктен, қоршаған ортаға зияны аз болады. Бұл экология мәселесі маңызды болып тұрған қазіргі заманда үлкен артықшылық саналады.

Қала тұрғындарына әсері: LRT-ның іске қосылуы ең алдымен Астана тұрғындарының күнделікті өміріне оң әсер етеді. Бұрын кептеліске байланысты адамдар жұмысқа кешігіп немесе жолда ұзақ уақыт өткізетін. Енді жолаушылар уақытын үнемдей алады. Бұл әсіресе таңертең және кешкі уақытта маңызды.

LRT туралы қоғамда әртүрлі пікір бар. Кейбір адамдар бұл жобаның іске қосылғанына қуанып, оны заманауи қаланың белгісі деп санайды. Олар уақыт үнемдеу мен ыңғайлылықты басты артықшылық ретінде көреді. Ал кейбір тұрғындар жобаның ұзаққа созылғанын және оған көп қаражат жұмсалғанын айтып сын білдіреді. Олардың пікірінше, бұл мәселе ертерек шешілуі керек еді. Дегенмен, көптеген адам жоба аяқталған соң оның пайдасын көруге мүмкіндік туғанын мойындайды. Шын мәнінде, кез келген үлкен жоба бастапқыда сынға ұшырайды. Бірақ уақыт өте келе оның тиімділігі байқалады. Егер LRT жүйесі сапалы жұмыс істесе, халықтың сенімі арта түседі.

Қорыта айтқанда, Астана қаласында LRT-ның іске қосылуы – елорданың көлік жүйесіндегі үлкен өзгеріс. Бұл жоба тұрғындардың өмірін жеңілдетуге, уақытты үнемдеуге және қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған. Иә, жоба жолында түрлі қиындықтар болды, алайда оның іске қосылуы ұзақ еңбектің нәтижесі болып табылады.

Болашақта LRT желісі кеңейіп, қаланың басқа аудандарын да қамтуы мүмкін. Егер жүйе тиімді жұмыс істесе, Астана заманауи көлік инфрақұрылымы дамыған қалалардың қатарына қосылады. Сондықтан LRT – тек жаңа көлік құралы емес, елорданың болашағына жасалған маңызды инвестиция деп айтуға болады.

**БЕЙІЛХАН Перизат,**  
«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Степной ауылының жалпы орта  
білім беретін мектебі» КММ - нің  
II «А» сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі

**Шығармашылық жетекшісі:**  
**Серикбай Надя,**  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Сурет:  
Exclusive.kz сайтынан алынған





# ӨРКЕНДЕГЕН ҚАЗАҚСТАН

БІРЛІК. ЖАСАМПАЗДЫҚ. БОЛАШАҚ.

Еліміз өркендеп, алға қарай қадам басып келе жатыр. Күн санап жаңа келісімшарттар, жаңа қарым-қатынастар, жаңа бастамаларға қол жеткізіп жатырмыз. Елімізді өзге елдің басшылары сертіне берік, сенімді серіктес ел деп бағалайды. Бұның бәрі жүйелі саясат пен ойлы дипломатияның арқасында жүзеге асып жатыр. Қазақстан ядролық қарудан бас тартқалы бері тек бір мақсатқа жұмыс жасады, ол - шекарасы шегенделген мәңгілік бейбіт ел болу еді. Бүгінде ел іргесінің берік болып, іргелес көрші елдермен тату болғанымыз – осы мақсаттың орындалып келе жатқанының айқын дәлелі.

## МӘНГІЛІК БЕЙБІТШІЛІККЕ БАСТАР ЖОЛ ОЙЛЫ ДИПЛОМАТИЯ

Түбі бір түркі жұрттары арасында өз орнымызды қалыптастырып, сенімді серіктеске айналғанымыз – еліміздің ішінде білімді, қолынан іс келетін жас та қажырлы, ұлтжанды мамандарымыздың бар болғанының арқасы. Бізге әрі қарай да тұғырлы тәуелсіздігімізді мәңгі сақтап, еңселі ел болу үшін осы қалыппен алға қарай жылжу керек.

Қазақстан мәңгілік бейбіт жолды таңдаса ғана шекарамыз тыныш, көршілес елдермен оң қарым-қатынаста боламыз. Әрбір бейбіт күн бізге алға қарай дамуға, Қазақстанды әлемдік аренада жаңа қырынан көрсетуге мүмкіндік береді. Мәңгілік бейбітшілікке бастар жол ойлы дипломатия.

## МЕНІҢ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМ

Өмір деген өзі бір қызық жол ғой. Өсіп, ақыл тоқтатып, жақсы мен жаманды ажыратып, көріп-біліп, өзіндік болмысыңды қалыптастыра бастайсың. Бұл да бір дамушы кезең болар. Кейбір сәттерде үлкеннен алған өнеген мен ақылың да өмірлік ұстанымға айналады екен. Менің өмірлік ұстанымымды қалыптастырған сол бір әжемнің ғибратты әңгімелері еді ғой, шіркін...


«Бармаймын» деген жеріңе барасың, «баспаймын» деген тауынды басасың, дүниеге шек келтірме, балам, бәрі де мүмкін», - дейтін. Екінші бір сөзі: «Бауырмал бол, ақ бол, көпшіл бол. Жақсы адамның несібесі мол болады, өмірде басқан қадамы нық, көкжиектей кең болады», - дейтін. Міне, осы екі ғана әңгіме менің өмірлік ұстанымымды қалыптастырған болатын.

Кім болам? Неге сенем? Бұл өмір не өзі? деген барлық сұрағымға жауап тауып берді және осы ұстаным менің алға жылжуыма, адам тануыма, әр сөзді, әр істі жүрекпен жасауыма үлкен көмегін тигізді. Шынында солай.

Әр жарысқа барарда жүрекіңің, өң бойымды қобалжу, ішкі жан дүниемді терең толғаныс билегенде, «Бәрі де мүмкін, Бекзат, жеңіс сен жақта болуы да мүмкін» деп, ішкі қобалжуды басып, өзіме сенімділік беремін. Ешқашан «мүмкін емес ол іс» деп қол бұлғап тастамауға үйрендім. Әр іске адал ниетпен әрі «бәрі де мүмкін ғой» деген оймен кірісемін.

Сондай сенім мен сөндірмеген үміттің

22 **Farabi shakirti**



## ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМ

ӨЗ ӨМІРІҢЕ ӨЗІҢ ЖАУАПТЫСЫҢ

арқасында батылдана түсіп, біраз жарыста жүлделі орын алып, топ жарып, арманымның бір бөлшегін орындай алдым. Әрі қарай да осы ұстаныммен өз өмірімді өрнектей беремін. Өмірлік ұстанымы қалыптаса бастаған адам тұлғалық дамудың алғашқы бір қадамын жасады деген сөз.

**СЛАМЖАНОВ Бекзат,**

Алматы облысы, Іле ауданы,

Өтеген батыр ауылы

«№ 24 лицейдің»

11-сынып оқушысы.

Жетекшісі: Жандарал Рысқұл

Байжұмақызы,

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің  
мұғалімі



Адамзаттың өмір сүруі табиғатпен тығыз байланысты. Табиғат – біздің тіршілік көзіміз, тыныс алатын ауамыз, ішетін суымыз, жейтін азығымыз. Сондықтан табиғатты қорғау – тек міндет қана емес, әрбір адамның қасиетті парызы. Қазіргі таңда экологиялық мәселелердің ушығуы бұл тақырыптың маңыздылығын бұрынғыдан да арттыра түсті.



Сурет: <https://aqmeshit-aptalygy.kz/adebiet/tabighat-kezeny>



## ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – БІЗДІҢ ПАРЫЗЫМЫЗ

Бүгінгі күні әлемде қоршаған ортаның ластануы, ормандардың азаюы, жануарлар мен өсімдіктердің жойылуы секілді мәселелер кеңінен таралған. Өнеркәсіп қалдықтары, көлік түгіндері, пластик қалдықтар – мұның бәрі табиғатқа орасан зиян келтіруде. Мысалы, ауа ластануы адамның денсаулығына кері әсер етіп, түрлі аурулардың көбеюіне әкеледі. Ал су көздерінің ластануы тірі ағзалардың жойылуына себеп болады.

Табиғатты қорғау тек мемлекет деңгейінде ғана емес, әрбір жеке адамның әрекетінен басталады. Күнделікті өмірде қарапайым қадамдар арқылы да үлкен өзгеріс жасауға болады. Мысалы, қоқысты сұрыптау, пластикті аз пайдалану, ағаш отырғызу, суды үнемдеу – осындай әрекеттердің барлығы табиғатты сақтауға қосқан үлес болып табылады.



Асылжан НҰРЖАНҚЫЗЫ,  
Абай облысы, Ақсуат ауданы,  
«Көктүбек-мектеп-бөбейжай  
балабақша кешені»  
КММ 11-сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымы – Тұрақты даму мақсаттары туралы ресми материалдар ([un.org](http://un.org))
2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты ([gov.kz](http://gov.kz))
3. «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы туралы ақпараттық материалдар
4. Сурет: <https://uaqyt.kz/>



# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ БОЛАШАҚҚА ӘСЕРІ

ТЕХНОЛОГИЯ БҮГІНГІ ӨМІРДІ ӨЗГЕРТЕДІ, БОЛАШАҚТЫ ЖАРҚЫН ЕТЕДІ



**МЕДИЦИНА**  
АУРУДЫ ЕРТЕ АНЫҚТАУ,  
ДӘЛ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ



**КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР**  
ЫҒАЙЛЫЛЫҚ,  
УАҚИТТЫ ҮНЕМДЕУ



**ӨНДІРІС ЖӘНЕ БИЗНЕС**  
ЖҰМЫСТЫ АВТОМАТТАНДЫРУ,  
ТИМДІЛІКТІ АРТТЫРУ



**БІЛІМ БЕРУ**  
АҚПАРАТҚА ЖЫЛДАМ ҚОЛЖЕТКІЗУ,  
ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ДАМУ



**ЖАУАПТЫ ҚОЛДАНУ**  
ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУ –  
БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ



АДАМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ

БІРГЕ ДАМУСА –



БОЛАШАҚ ЖАРҚЫН БОЛАДЫ!

Қазіргі таңда технология адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Соның ішінде жасанды интеллект – XXI ғасырдың ең үлкен жаңалықтарының бірі. Бүгінде ол тек телефон немесе компьютерде ғана емес, медицинада, білім саласында, бизнесте, тіпті күнделікті өмірде кеңінен қолданылып жатыр. Көптеген адамдар жасанды интеллект адам өмірін жеңілдетеді деп санаса, енді бірі оның болашағына алаңдайды. Дегенмен, менің ойымша, жасанды интеллект дұрыс пайдаланылған жағдайда адамзаттың дамуына үлкен пайдасын тигізеді.

Біріншіден, жасанды интеллект уақытты үнемдеуге және жұмысты жеңілдетуге көмектеседі. Қазіргі кезде көптеген ауыр немесе қайталанатын жұмыстарды арнайы бағдарламалар мен роботтар атқара алады. Мысалы, банктерде, дүкендерде немесе өндіріс орындарында кейбір қызметтер автоматтандырылған. Бұл адамдардың жұмысын тездетіп қана қоймай, қателіктердің азаюына әсер етеді. Сонымен қатар медицина саласында жасанды интеллект ауруларды ерте анықтап, дәрігерлерге нақты шешім қабылдауға көмектеседі. Бұл адам өмірін сақтап қалуға үлкен мүмкіндік береді.

Екіншіден, білім беру жүйесінде де жасанды интеллекттің рөлі артып келеді. Оқушылар мен студенттер ақпаратты тез табуға, тіл үйренуге, тапсырмаларды түсінуге мүмкіндік алады. Әсіресе қазіргі жастар технологияны тиімді пайдалану арқылы өз білімін дамытып жатыр. Бұл болашақта білімнің қолжетімді болуына жол ашады. Яғни, кез келген адам интернет арқылы жаңа нәрсе үйрене алады.


Алайда жасанды интеллекттің кері әсерлері де жоқ емес. Кейбір мамандықтардың орнын техника басуы мүмкін. Соның

салдарынан жұмыссыздық мәселесі туындауы ықтимал. Сонымен қатар адамдар технологияға тым тәуелді болып кетсе, өз ойлау қабілеті мен шығармашылығы әлсіреуі мүмкін. Сондықтан жасанды интеллект адамды толық алмастырмай, тек көмекші құрал ретінде қолданылуы қажет.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект – болашақтың басты жетістіктерінің бірі. Ол адам өмірін жеңілдетіп, көптеген саланың дамуына ықпал етеді. Бірақ оның пайдасы мен зияны адамның оны қалай қолданатынына байланысты. Сол себепті біз технологиядан қорықпай, оны дұрыс бағытта пайдалануды үйренуіміз керек. Болашақта жасанды интеллект адамзаттың дамуына үлкен серпін береді деп сенемін.



**КИНЬЯЗОВА Инаят,**  
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Үшқоңыр ауылы,  
«Мұхтар Ауезов» атындағы мектебінің  
11- сынып оқушысы.  
«FARABI SHAKIRTI» журналы мен  
farabishakirti.kz сайтының  
Жас тілшісі



Бұрынғы заманнан бері келе жатқан ең құнды қазына-білім. Білім- адамның оқуы, тәжірибесі және ізденіс арқылы жинақтаған ақпараттары мен түсініктерінің жиынтығы. Ертедегі заманнан бері білім адам өмірінің жолын ашады деп жазылған. Бұл сөйлемге дәлел Жүсіп Баласағұнның сөзі: «Білім ал, ол өмірдің жолын ашар, кісіден білім берген бәле қашар». Бұл дегеніміз біз қай уақытта өмір сүрсек те, білім әрқашанда сіздің жолыңызды ашағын кілт болып саналады. Бірақ білімнің түбіне ешкім жеткен емес. Жүсіп Баласағұн айтпақшы: «Білім - теңіз, түбі де, шегі де жоқ». Ерте заманда білімді, ақылды болған ақындарымыз, ғалымдарымыз осы құнды қазынаны тек өздерінің жан тыныштықтары үшін қолданған еді.

Ал қазіргі заманда ақылды, білімді адамдар өз білімдері үшін ақша алады десек те қате болмайды. Олар өздері үйренген затты немесе өздері оқыған бір саланы басқа адамға үйретіп, өздерінің адал ақшаларын алады. Айта кететін жайт, бұл бір адамның дәрежесін түсіріп, бір адамды мақтау емес. Үйреткен адам және үйренген адам екеуі де бір дәрежеде мықты деп айтқым келеді.

Бұл жазғаным ойдан алынған жай зат емес, бұл сөздер ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтың нақыл сөзіне пікір деп айтқым келеді. Мұхтар Әуезовтың сөзі: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім». Осылайша айтқым келеді, қазіргі заманда қаншалықты сен өзің оқып, білім алып, жан-жақты дамып, тоқтамай еңбек етсең, бұл сенің жеңісің.



Қателікті әр адам әр түрлі қабылдайды. Бір адам қателікті сәтсіздік ретінде танып, «бұл менің қолымнан келмейді» деп өзіне сенімсіз болып, бұл сала менікі емес деп тыстап кетеді. Ал бірі қателікті сабақ ретінде көріп, қай жерден қателескенін зерттей бастайды және әрі қарай дамуына қадам жасайды.

Қателік - адамның өмірінің бір бөлшегі. Қате жібермей адам ешқашанда үлкен жетістікке жете алмайды. Сіз адамсыз сол себепті де қате жіберу ол қорқынышты немесе ұялатын зат емес, керісінше сіз сол қате жіберген жеріңізбен жұмыс жасап, тәжірибе жинап, жаңа қадам жасайсыз. Ал сәтсіздікке келетін болсақ, бұл қате жіберуден қорқу, әрекет жасамау яғни тоқтап қалу дегенді білдіреді.

Мысалға Томас Эдисонды алайық, ол электр шамын ойлап табу үшін 1000-нан аса сәтсіз эксперимент жасаған. Томас Эдисон былай депті «Мен сәтсіздікке ұшыраған жоқпын, мен 1000 жолдың жұмыс істемейтінін білдім».

Ал бәріміз білетін Майкл Джорданның де өз оқиғасы бар. Майкл Джордан мектеп командасынан шығып қалған алайда жаттығуын жалғастырып, қазір бәріне танымал баскетболшы болды. Жас кезде қателесу қалыпты жағдай ретінде саналады. Жас кезде адам өмірлік тәжірибе жинайды. Адамның жас кезі сынауға, үйренуге, бағыт табуға таптырмайтын уақыт.

**СӘТБАЙ Мәншүк, Ақтөбе қаласы,  
«Смарт-Білім» мектеп-гимназиясының  
11 - сынып оқушысы.**

**Шығармашылық жетекшісі:**

**Әйгерім Есімхан,**

**«Алатау» телеарнасының тілшісі.**

**Республикалық «Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі**

**Сурет: ЖИ, жолдаған автор**

# БАҚЫТТЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ФОРМУЛАСЫ

Әр адам бақытты болғысы келеді. Бірақ көпшілігі бақытты алыстан іздейді: ақшадан, атақтан немесе өзгелердің мақұлдауынан. Шын мәнінде, бақыттың формуласы әлдеқайда қарапайым болуы мүмкін...

Әрине, ақша мен атақ - бақыттың бір сыйы. Олар адамға мүмкіндік береді, өмірін жеңілдетеді. Бірақ рухани байлық одан да маңыздырақ. Адамның жан дүниесі тыныш болмаса, ешқандай байлық шынайы қуаныш сыйлай алмайды.

Кейде бақыт айналамыздағы қарапайым дүниелердің ішінде жасырынып тұрады. Таңертеңгі таза ауа, әдемі табиғатты өз көзіңмен көру, жақын адамдарыңның күлкісі, отбасыңмен бірге өткізген уақыт - осының бәрі адамға ерекше жылулық сыйлайды.

Қазіргі таңда адамдар көп нәрсеге асығып, өмірдің кішкентай қуаныштарын байқамай жатады. Олар бақытты болашақтан іздейді. Ал шын мәнінде, бақыт дәл қазіргі сәтте болуы мүмкін.

Бақыттың қарапайым формуласы - өзінді бағалау, жақындарыңды қадірлеу және өмірдің әр сәтінен қуаныш таба білу. Себебі шынайы бақыт үлкен дүниелерде емес, қарапайым нәрселердің қадірін түсіне білуде.

## АДАМ ЭМОЦИЯСЫ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛАДЫ?

Эмоция - адамның ішкі дүниесінде болып жатқан сезімдік реакциялар жүйесі. Ол сыртқы ортадағы оқиғаларға, адамдармен қарым-қатынасқа және ішкі ойларға жауап ретінде пайда болады. Біз қуану, қорқу, ашулану немесе таңдану сияқты сезімдерді күнделікті өмірде жиі бастан өткереміз, бірақ олардың қалай пайда болатынына көп адам терең мән бере бермейді.

Эмоцияның пайда болу процесі ең алдымен мида басталады. Адам қандай да бір жағдайға тап болған кезде,



оның миы сол ақпаратты жылдам өңдейді. Бұл жерде ең маңызды рөлді лимбикалық жүйе атқарады, әсіресе амигдала деп аталатын бөлігі. Ол қауіп-қатерді, қуаныш немесе жағымсыз жағдайларды бірден танып, тиісті реакцияны іске қосады.

Миға келген ақпарат тек эмоция тудырып қана қоймайды, сонымен бірге денеде де өзгерістер жасайды. Мысалы, адам қорыққанда жүрек соғысы жиілейді, ал қуаныш кезінде ми эндорфин сияқты «бақыт гормондарын» бөледі. Осы гормондар адамның көңіл күйін қалыптастырады. Эмоциялардың қалыптасуына тек биология ғана емес, адамның тәжірибесі мен жады да әсер етеді. Бұрын болған оқиғалар, көрген-түйген нәрселер біздің белгілі бір жағдайға қалай жауап беретінімізді

анықтайды. Сондықтан бір жағдай әр адамда әртүрлі эмоция тудыруы мүмкін.

Сонымен қатар әлеуметтік орта да маңызды рөл атқарады. Отбасы, достар, қоғамда қалыптасқан нормалар адамның эмоциясын білдіруіне және оны түсінуіне әсер етеді. Кейбір адамдар эмоциясын ашық көрсетсе, кейбірі оны іште ұстайды.

Эмоция - мидың күрделі жұмысының, дененің биохимиялық реакциясының және өмірлік тәжірибенің нәтижесі. Ол адамды қоршаған әлеммен байланыстырып, өмірді сезінуге мүмкіндік береді.

ДАУКЕЕВА Алина,

Алматы облысы, Қарасай ауданы,

«Ұлан орта мектебі» 11 – сынып оқушысы.

Республикалық «Farabi shakirti» журналы

мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым

сайтының Жас тілшісі

Сурет: ЖИ, жолдаған автор





## ҰМЫТЫЛМАС КЕЗЕНДЕРДІҢ БІРІ

Соңғы қоңырау - әр оқушының өміріндегі ерекше күндердің бірі деп ойлаймын. Бұл күнді бәріміз көп күттік. Бұрын «мектеп тезірек бітсе екен» деп айтатын едік, ал қазір мектеппен қоштасу оңай емес екенін түсініп жатырмыз.

11 жыл бойы күн сайын мектепке келіп, сыныптастарымызбен бірге өстік. Осы уақыт ішінде қаншама қызықты сәттер өтті. Сабақтағы күлкілі жағдайлар, түрлі мерекелер, дайындықтар, жарыстар - бәрі есте қалады. Кейде сабақтан шаршап кетсек те, дәл осы күндерді кейін сағынатын сияқтымыз.

Маған әсіресе сыныптастарыммен бірге өткізген уақыт қатты ұнайды. Себебі күнде көріп жүрген адамдар өзіне

жақын болып кетеді екен. Кейде ренжісіп қалсақ та, бәрібір тез араласып кетеміз. Қазір қарап отырсам, мектептің ең қызық сәттері дәл осы сыныптастармен байланысты сияқты.

Мұғалімдердің де еңбегі ерекше деп ойлаймын. Олар бізге тек сабақ үйретіп қана қоймай, әрқашан ақыл айтып, қолдау көрсетіп жүрді. Кейде қатал көрінгенімен, бәрін біздің болашағымыз үшін айтатынын қазір жақсырақ түсінеміз.

Соңғы қоңырау кезінде мектептегі әр сәттің қадірін түсінесің. Қарапайым болып көрінген күндердің өзі енді ерекше естелікке айналып бара жатыр. Уақыттың қалай тез өткеніне таңғаламын.

## УАҚЫТТЫҢ ҚАДІРІ

Уақыт – адам өміріндегі ең қымбат нәрселердің бірі. Бірақ біз оның қадірін әрдайым түсіне бермейміз. Кейде уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай да қаламыз. Әсіресе бос уақытты дұрыс пайдалана алмаған кезде, кейін өкінетін сәттер де болады.

Қазіргі заманда адамдардың уақыты өте тез өтетіндей көрінеді. Таңертең тұрғаннан бастап, кешке дейін түрлі істермен айналысамыз. Бірақ сол істеген жұмыстарымыздың бәрі пайдалы ма, әлде жай ғана уақыт өткізу ме – бұл туралы көп ойлана бермейміз. Әсіресе телефон мен әлеуметтік желілер уақыттың көп бөлігін алып қояды. Кейде бірнеше минут деп кіріп, сағаттап отырып қаламыз.

Уақыттың қадірін көбіне кеш түсінеміз. Мысалы, маңызды бір істі кейінге қалдырып жүріп, соңында үлгермей қалатын кездер болады. Сондай сәттерде «уақытыңда істегенімде ғой» деп өкінеміз. Сондықтан әр істі уақытыңда жасау өте маңызды. Уақыт ешқашан тоқтамайды, оны кері қайтару мүмкін емес.

Менің ойымша, уақытты дұрыс пайдалану – адамның өзіне байланысты. Егер адам өз уақытын жоспарлап, маңызды істерге көңіл бөлсе, көп нәрсеге үлгере алады. Кішкентай болса да пайдалы істермен айналысу – уақытты бос өткізбегеннің белгісі. Мысалы, кітап оқу, жаңа нәрсе үйрену немесе өзінді дамытуға арналған істермен айналысу.



Уақыт – ең қымбат байлық. Оны дұрыс пайдалана білген адам ғана жетістікке жете алады. Сондықтан әр күнімізді бағалап, уақытымызды тиімді жұмсауға тырысуымыз керек.



**ТҮРДЫБЕКҚЫЗЫ Гүлбақ,**  
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,  
Толқын ауылы, «Толқын орта мектебі»  
КММ 11 «Ә» - сынып оқушысы  
Республикалық «Farabi shakirti»  
журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым сайтының  
Жас тілшісі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор

# ҰМЫТЫЛМАС САПАР: ҚИЫН-КЕРІШ ШАТҚАЛЫНДА

Шамамен төрт-бес жыл бұрын мектебіміз ең үздік сынып атанған бізге Қиын-Керіш шатқалына жолдама ұсынған еді. Жазғы демалысқа шыққан соң, барлығымыз бірден бас қосып, сол шатқалға аттанатын болып шештік. Ауыл тұрғындарынан азды-кем естігеніміз бойынша, бұл шатқалды «жердегі Марс» деп те атайды екен. Көкейімізді тесіп, көзімізді қызықтырып бара жатқан орынға жетуге асыға түстік.

Бір кезде ойлы-қырлы жерлермен жүріп келе жатыр едік, кенет жүргізуші ағамыз: «Ары қарай жол жоқ, түсіп жаяу барамыз», - деді. Біз елең ете қалдық. Айналамызға қарасак, расында да өзге планетада жүргендейміз. Жетекшімізбен бірге сыртқа шығып, таң-тамаша болдық. Құдды бір басқа дәуірде жүргендейміз. Иә, расында да, мезозой дәуірінде, тропиктік климатта қалыптасқан сазды жыныстар екен. Ұстазымыз мұнда тіпті динозаврлардың іздерін де кездестіруге болады деп еді, бойымыз түршігіп, тылсым дүниені сезінгендей болдық. Айтпақшы, шатқалдар өз түсін ауыстырып тұрады екен. Оны өзім де байқап қалдым.

Бірнеше сағат шатқалды аралап, қиын жолдармен биік тұстарына шығып та көрдік. Жаздың ыстығы мен онда соғып тұрған желге қарамастан, ерекше сезімге еніп, керемет әсер алып, ауылымызға қайттық. Міне, бүгін де мектебіміз 6-сынып оқушыларына Қиын-Керішке, ал



8-сынып оқушыларына Берел қорымына жолдама сыйлап отыр. Бұл олардың өз елінің тарихын, жер қойнауын тануына деген ынтасының оянуына себеп болды. Осындай мүмкіндік сыйлаған мектебімізге алғысымыз шексіз. Сол бір естеліктер менің санамда әлі күнге дейін жаңғырып тұр.

## CANCEL CULTURE МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ЕСТІГЕН БЕ ЕДІҢІЗ?

Бұл термин ағылшын тілінен аударғанда «күшін жою» немесе «өшіру» дегенді білдіреді. Негізгі мәні – егер белгілі бір компания немесе халық алдында жүрген танымал тұлғалар (әншілер, блогерлер және т.б.) қоғамдық-этикалық нормаларды бұзып, орынсыз пікір білдірсе, жұрт болып оларды қолдаудан бас тартуы және моральдық жауапкершілікке шақыруы.

Батыстан бастау алған бұл феномен қазір Қазақстанда да қарқынды белең алып жатыр. Оған соңғы уақыттағы Magnum немесе Qazaq Coffee айналасындағы кейстерді мысалға келтіруге болады. Тіпті, Threads қосымшасында тұтынушыға дөрекі жауап қатып, келемеждеген шағын кәсіпкерлердің де халық қолдауынсыз қалып, парақшаларын жабуға мәжбүр болған жағдайларын көріп жүрміз.

Меніңше, бұл мәдениеттің екі түрлі қыры бар: Бірінші жағынан, бұл – халықтың дауысы, қоғамның іштей тазалануы және әділдік орнатудың бір жолы. Адамдар өз құқығын біліп, этика сақтамағандарды, жат әрекет еткендерді жазалай алатыны азаматтық қоғамның белгісі деп ойлаймын.

Екінші жағынан, бұның зардабы да жоқ емес. Адамдар қателесу құқығынан айырылып, өсу мүмкіндігін жоғалтуы мүмкін. Тіпті жағдайдың мән-жайын

толық зерттемей жатып кейде адамның жеке басына, отбасына және ар-ожданына тиісу – шектен шығу деп есептеймін.

Негізінде, бұл мәдениет қазақ қоғамында бұрыннан бар екенін айта аламыз. Ат-тонын ала қашу, елден аластау да осыдан шыққан. Бірақ бүгінгі цифрлық заманда оның күші әлдеқайда артты. Әділдік орнап, қоғамның өз ішінен тазаланғаны дұрыс-ақ, бірақ әр істің шекарасы болуы тиіс. Таяқтың да екі ұшы бар екенін ұмытпайық. Кез келген жағдайды сан қырлы зерттеп, эмоцияға берілмей барып шешім қабылдаған абзал.



**ӘДІЛ Жансая,**  
«Марқакөл ауылының мектеп-интернат-колледжі» КММ  
11-сынып оқушысы.  
Жетекшісі: ИСАЕВА Динара Асқарқызы, тарих пәнінің мұғалімі. Педагогика ғылымдарының магистрі.  
Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы.  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі

# «ТУҒАН ЖЕР, ӨЗІҢ ДЕГЕНДЕ»

Туған жер-дүние есігін ашқан сәттен-ақ жүрегіңе ыстық басылатын сенің орның. Әр тұлға өзінің кіндік қаны тамған жерін ерекше сыйлап, қастерлейді, себебі туған жер-ата-бабаңның көзі тірісінде саған қалдырып кеткен мұрасы.

Мен үшін осындай қасиетті мұра-Қазақстан. Қазақстан-тарихшылары айтқандай дүние ортасы, Орталық Азияның кілті мен қақпасы. Дүние есігін аша салысымен өзімнің атамекенімнің таза ауасын жұтудамын. Қазақстан мен үшін жәй мемлекет емес, Қазақстан мен үшін отбасымның бейнесі сақталған ыстық үлкен шаңырақ.

Әр қаласы мен әр бұрышы «ОТАН» - туған мекенін сақтауындағы ауыр сынақтарды басынан өткерген, қиын жолда болашақ үшін күрескен бабалар бейнесі арқылы патриоттық сезім сыйлайды. Менің Қазақстанымның маған бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан халқы, ашық аспан астында асыр салған бүлдіршіндері, табиғаты мен әсем әуенге салып сайраған құстары қымбат. Өйткені, кең байтақ жеріміз ата-бабамызднн бізге мұра болып қалды. Сондықтан, оны флорасы мен фаунасын қорғау, «Таза Қазақстан» акциясына қатысып, жасыл экологияны сақтауға атсалысу – әрбір өреннің міндеті деп білемін.

Көк күмбезді ашық аспан астында желбіреген Көк



туымызды бен Тәуелсіздігімізді тұғырдан түсірмеу үшін бүгінгі ұрпақ келешек үшін бар күш-жігерін арнайды деп сенемін. Солардың қатарында мен де журналист мамандығын тандап отырмын. Күні ертең «Елім!» деп жүрегі соққан әр азаматтың жетістігін жазып, кемшілігін көрсетуге атсалысамын. Қазақстан-барлық ұлт пен халықты біріктірген Тәуелсіз мемлекет, ал мен осы мемлекеттің қорғаушысы мен мұра жалғастырушысы-атамекеннің баласымын.

## ӘЖЕМ – МЕНІҢ ҚАЗЫНАМ, ӘТТЕҢ...



Менің жасым 17 болса да, мен ата-әжемнің махаббатын толық сезініп, көріп үлгермедім, себебі тағдыр бізді ерте айырды. Өкінішке орай, ата-әжеммен мәңгілік қоштасуға тура келді. Дегенмен, балалық шағымнан әжеммен байланысты бір ерекше естелік жүрегімде мәңгі сақталып қалды. Сол естелікпен бөліскім келеді. Менің әжем мен үшін ең үлгі тұтар жандардың бірі еді. Әжемнен аларым да, үйренерім де өте көп болатын. Ол әр ісін өзінен бұрын өзгені ойлап жасайтын мейірімді жан еді. Әжемнің даналығы мен кеңдігін бағалайтын, одан өнеге алғысы келетін адамдар да аз болмады. Шынымды айтсам, әжесінің көзін көріп, оның ізін жалғап жүрген қыздар мен ұлдарға кейде қызыға да, қызғана да қараймын. Себебі мен бұл махаббатты

толық сезініп үлгермедім... әттең.

Әжем бос уақытында тоқыма тоқуды ерекше жақсы көретін. Қыс түсе салысымен, ол өзінің тоғыз баласына және немерелеріне арнап жылы шұлықтар тоқитын. Бір күні әжем мені жанына шақырып алып, тоқыма тоқуды үйретті. Қолыма алғаш рет жіп ұстаған сәттегі сезімімді сөзбен жеткізу қиын. Әжеммен бірге отырған уақыттың қалай зымырап өткенін де байқамай қалдым. Бір сәтте қарасам, жіп азайып, қолымнан шыққан дүние үлкейіп келе жатыр екен.

Бірақ... әжеме тоқып үлгермедім. Қазір бос уақытымды тоқыма тоқуға арнаймын. Менің тоқып отырғанымды көрген анам кейде: «Қызым, сен әжеңнен аумайсың. Әжең де сен сияқты томпиып, бұртиып алып, киім тоқитын еді», — деп мен арқылы өз анасына деген сағынышын білдіреді. Әжеме осының бәрі үшін шексіз алғысымды айтамын. Жүрегімде сақталған ең ыстық естелігім осы бір сәт. Әже, сізді қатты сағындым... Әр тоқыған дүнием сізге арналады.



**СЕРИКБАЕВА Аяулым, Жамбыл облысы, Тараз қаласындағы «Зият» мектебінің 11 сынып оқушысы. Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі Шығармашылық жетекшісі: Гүлім Мырзахмет, Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі**

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

**Farabi shakirti** 29

## Әке бар үйде береке бар




Көзге көрінбейді бірақ, әке бар үйде  
береке бар. Әке - отбасының тірегі,  
қорғаны. Әркез отбасының қамын  
ойлайтын жанашыр жан.

Менің әкем кішігірім  
кәсіппен айналысады,  
қамшы жасайды.  
Інілерім әкемнің бір  
жағына шығысып,  
қамшының сабын өреді,  
бірі тұсау жасайды, ал  
әкем қамшыны саптап,  
дайындап шығарады.  
Бізбен көп жұмыс істеп  
сапты тескен кезде  
абайсызда қолына  
кіріп кетеді. Талай рет  
осындай жағдай болып  
қолын жарақаттады.  
Қанша шаршаса да  
бізге білдірмейді. Менің әкем-менің  
мақтанышым.



Өзін емес жанұясын ойлаған,  
Отбасын жамандықтан қорғаған,  
Мейіріммен өсірген ұл-қыздарын,  
Аман жүрші, аман жүрші әкетай!  
Біздер үшін еңбек етіп талай,  
Кей кездері қалар бәлкім ұйқың қанбай.  
Сыр бермейтін ауырсада ешкімге,  
Ауырмашы, ауырмашы әкетай!  
(авторы өзім).

Сурет: ЖИ, жолдаған автор



## ЖЕҢІМПАЗ АТАНУЫМ – ӘКЕМНІҢ ҚОЛДАУЫ

2019 жылы мен 4 сынып оқып жүргенде мектепте  
«Жыл оқушысы-2019» байқауы болды. Мен белсенді  
оқушы болғандықтан сынып жетекшім маған осы  
байқауға қатыс деді. Байқау бірнеше кезеңнен тұрды:  
өзін-өзі таныстыру, өз өнері, мақал-мәтел сайысы,  
тағы басқа.

Байқауға қатысушылардың барлығы мұғалімдердің  
балалары еді. Менің ғана ата-анам мұғалім емес  
болды. Мен жеңілетін шығармын деп  
ойладым. Ал әкем осы сәтте маған демеу  
болды. Бағынды сынап көр, менің қызым  
бәрін жеңеді деді. Содан соң мен сенімді  
түрде еш қорықпай байқауға қатыстым.

Әкем таныстыруыма өлең шығарып  
берді. (Өлең шығаратын қасиетім  
әкемнен дарыған шығар, менде қазір  
өлең жазамын). Таныстыру кезеңінде  
бәрі ән айтты, ал мен шығармашылықпен  
өлең оқыдым. Сөйтіп таныстыруым  
бәрінен ерекше болды. Өз өнеріме сурет  
салдым. Суретті жақсы салатын едім. Бұл  
қасиетімнің де пайдасы тиді.

Бір сөзбен айтқанда, бұл байқауда мен  
жеңіске жетіп, «Жыл оқушысы-2019»  
байқауының жеңімпазы атандым.

Айтпағым, барлығы мұғалімнің баласы ғой мен  
жеңіліп қалатын болдым деп уайымдағанымда, әкем  
маған қолдау білдіріп, сенді. Ал әкемнің қолдауы  
маған үлкен сенімділік берді

**СЕНБЕКҚЫЗЫ Зылиха,**  
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,  
«А.Бубенцов атындағы орта мектептің»

11-сынып оқушысы.

Республикалық «Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі [https://ult.kz/post/  
bugin-shanyrak-kuni](https://ult.kz/post/bugin-shanyrak-kuni)

# БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ: ЖАСЫРЫН МӘСЕЛЕ МЕ ӘЛДЕ, ҚОҒАМ ДЕРТІ МЕ?

Қазіргі таңда буллинг – Қазақстандағы ең өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі. Ресми деректер бұл проблеманың ауқымы жыл сайын өсіп келе жатқанын көрсетеді.

2025 жылы Қазақстан мектептерінде 400-ден астам буллинг фактісі тіркелген. Сонымен қатар, осы істер бойынша шамамен 200 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Алайда мамандардың айтуынша бұл тек тіркелген жағдайлар ғана, ал шынайы көрсеткіш бұдан әлдеқайда жоғары, себебі көптеген оқушылар бұл туралы айтпайды.

Аймақтық деңгейде де жағдай алаңдатарлық. Мысалы, 2025 жылы тек Алматы қаласының өзінде 638 буллинг жағдайы тіркелген. Ал Солтүстік Қазақстан облысында 21 жағдай анықталған. Халықаралық зерттеулер мен ұлттық сауалнамалар да мәселенің кең таралғанын дәлелдейді. Қазақстанда: балалардың шамамен 17,5%-ы буллингке ұшырайды, әр бесінші бала мектепте қорлық көреді, 6,8% жасөспірім тұрақты түрде буллинг көреді, шамамен 14% оқушы өздері де буллингке қатысатынын мойындаған.

Буллинг көбіне 11–17 жас аралығында жиі кездеседі. Зерттеулерге сәйкес, ұлдар арасында физикалық қысым, ал қыздар арасында сөзбен қорлау мен әлеуметтік оқшаулау басым.

Соңғы жылдары жағдай күрделене түскен. Мысалы, 2024–2025 жылдары тіркелген жағдайлар саны 150-ден 200-400-ге дейін өскен. Ал 2025 жылдың алғашқы жартысында



ғана 230 - ға жуық құқықбұзушылық тіркелген, бұл өткен жылмен салыстырғанда жоғары.

Буллингтің салдары өте ауыр. Психологтардың айтуынша, ол: өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне, депрессия, тіпті суицидтік жағдайларға жеткен кездер кездеседі.

Буллинг – тек мектеп мәселесі емес, ол бүкіл қоғамға әсер ететін күрделі құбылыс. Статистика оның кең таралғанын дәлелдейді, ал оны шешу үшін ата-ана, мұғалім және мемлекет бірлесіп әрекет етуі қажет.

Сурет: <https://ernur.kz/tarbiye/mekteptegi-bulling-balanyzdyn-bughan-katysy-zhok-pa>

## ОЙЛАНБАСАҢ, ӨМІРІҢДІ ОЙРАНДАЙДЫ



Құмар ойындар - бұл ақша немесе басқа құнды заттарды тәуекелге салып, нәтижесі кездейсоқтыққа негізделген ойындарға қатысу. Оларға казино, спортқа бәс тігу, лотереялар, онлайн ойындар, покер сияқты ойындар жатады. Бұл ойындардың бір бөлігі шындап бәс тігу болып саналса, тәуекел мен кездейсоқтыққа негізделген процесс ретінде қарастырылады.

Жылына әлемдегі 46,2% ересек адамдар қандай да бір түрде құмар ойынға қатысқан (яғни кейбір ойын түрлерімен айналысқан) – бұл шамамен 2,3 миллиард адам дегенді білдіреді. Жаһандық зерттеулер бойынша 28% 18-64 жас аралығындағы адамдар соңғы жылы ойындарға қатысқан.

Әлем бойынша шамамен 1,2% ересек

адамдар құмар ойындарға тәуелді немесе проблемалық ойынға ие. Одан басқа зерттеулер бойынша 15% ойыншылар немесе тәуекел тобындағылар үшін мүмкін проблемалық ойын белгілері бар. Кейбір елдерде тәуелділік деңгейі 2,3% немесе одан жоғары болуы да мүмкін (мысалы Германиядағы зерттеуде).

Әлемдік деректерге сәйкес қатысушылардың ішінде ер адамдар үлесі құмар ойындарға 58%, әйелдер – 42%.

Құмар ойын индустриясы қарқынды өсіп келеді. Көптеген сарапшылар бойынша дүниежүзілік құмар ойыннан түсетін табыс 2028 жылға қарай шамамен \$700 млрд-қа жетуі мүмкін. Бұл ойындар – тек ойын ғана емес, бұл жеке және қоғамдық денсаулыққа әсер ететін күрделі мәселе.

**САЙРАНБЕК** Мәлдір, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Қ.Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 11-сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі  
Курс жетекшісі: Құдайберген Саяжан, журналист

Сурет: <https://anatili.kazgazeta.kz/>





## МЕНІ ШАБЫТТАНДЫРАТЫН АНАМНЫҢ СЕНІМІ

Шабыт - көбінесе шығармашылық тұлғаға тән қасиет. Неге дәл шығармашылық тұлға? Себебі: ақындар, суретшілер, музыканттар ішкі түйсігіне сүйенеді. Олар үшін шабыт кез-келген сәтте келе қоймайды. Ал шабыты келген кезде оларды тоқтату қиын. Дәл сол сәтте олар ойындағы нәрсені бірден жүзеге асырады. Қызық... Бірақ шабыт қалай келеді? Немесе адамдар шабытты қайдан алады? Мысалы: Суретшілер. Табиғаттан немесе әдемі көріністен. Соған қараған сәтте ойына бірден тың идеялар келуі мүмкін.

Бәлкім шабыт келуі үшін кез-келген адамның өмірінде бір оқиға болуы да әбден мүмкін. Музыканттар, жазушылар көп жағдайда өзінің бастан кешкен оқиғалар желісінің негізінде халыққа жеткізеді. Немесе алдына мақсат қояды. Сол мақсаты арқылы, Мақсатына жету жайында. Шабыт отбасынан, достарынан келуі мүмкін.

Мен де шығармашылыққа жақынмын. Яғни жеке өзіме жуық арада шабыт келуі екі талай. Шабыт аяқ асты тууы мүмкін. Бір жұмысты бастау қажет кезде қолдау мен шабыт болуы тиіс. Осы жылғы менің мақсатым ҰБТ-дан жоғары балл жинап, грантқа түсу. Ол үшін әрине көп еңбектену қажет. Сол себепті мен күн-түн демей оқып, білімімді шыңдаудамын. Мені осы кезде шабыттандыратын бір үлкен

нәрсе бар. Ол... Ата-анамның маған деген сенімі. Бұйырса, менің қызым грантқа түседі деген сөздері. Мені барынша қолдап, басынан бастап маған сенім артып келеді. Сенің қолыңнан бәрі келеді деген бір ауыз сөз мені одан сайын шабыттандырады. Алдағы уақытта осы шабытымды жоғалтып алғым келмейді. Қандай да іс бастар кезде дәл осы сөзді еске аламын. Сіздерге айтарым қорықпаңыздар. Ойларыңыздағы керемет істерді жүзеге асырыңыздар. Егер ниет түзу болса, әрекет жасап бастасаңыз бәрі өзі-ақ келе бастайды.

Шабыт, құштарлық, сенімділік. Бәрі біріксе сіз ойлағаннан да ерекше бір дүние туындайды. Сондықтан шабытты қайдан алам демей тек бірден бастаңыз!



**АБДРАХЫН Ажар**  
**Ерланқызы,**  
 Алматы облысы, Талғар ауданы, Қызыл-қайрат ауылы,  
 «№19 орта мектеп-гимназиясының»  
 11 сынып оқушысы.  
 Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі

# АЛЕННИҢ ЖОЛЫ: ТАЛАНТ ПА, ӘЛДЕ ЕҢБЕК ПЕ?

Қазіргі таңда, әлеуметтік желілерді өзінің музыкасымен, жас бойындағы дарынымен таң қалдырып жүрген Аленмен әңгіме жүргіздім. Өзі сондай қарапайым, ұян жігіт. Нағыз қазақ жігітінің бейнесі дерсің. «Жігітке жеті өнерде аз» демекші, Ален сабағында да үздік, өнерін де шындап, балаша ойнап та үлгеріп жүр. Сахнаға алғаш қадам басқан сәттен-ақ жүрегің музыкаға арнаған балалар болады. Ален де солардың қатарында, виолончель үнімен тыңдарманын баурап жүр.



– Ален, виолончельмен қанша жасыңнан бастап айналысасың? Бұл өз таңдауың болды ма?

– Мен виолончельде 6 жасымнан бастап ойнаймын. Виолончельде ойнау өз таңдауым болды деуге болады, себебі анам мен кішірек болған кезде менің қолымның икемін көріп, мені үйірмелерге апарып жүрді. Солай біртіндеп виолончельдің қырсырын үйреніп, небәрі 6 жасымда ұлы композитордың бірі - Л. Бетховен шығармаларын ойнай бастадым.

– Жарайсың, Ален! Осындай жас жасында үлкен жетістіктерге жету – ерекше қабілет, тынымсыз еңбектің нәтижесі емес пе? 9 жасында Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Дубай сахнасында өнер көрсетіп келдің. Бұл сапар саған не үйретті және осы тұста біздің оқырмандарымызға қандай кеңес айтар едің?

– Басқа елдің музыканттарымен бәсекелесу оңай болмады. Әлемнің әр түкпірінен келген өте мықты, тәжірибелі қатысушылар болды. Оларды көріп, мен өзімнің әлі де біршама нәрсе үйренуім керек екенін түсіндім. Бұл сапар маған үлкен тәжірибе берді – тек сахнада өнер көрсету ғана емес, өзіңді ұстай білу, жауапкершілікті сезіну және әрдайым алға ұмтылу керектігін үйретті. Менің ойымша, ең бастысы – өзіңе сену және еңбектенуден ешқашан шаршамау. Кейде қиын болады, кейде бірден нәтиже шықпайды, бірақ дәл сол сәттер адамды шыңдайды. Егер шын жүректен жақсы көретін ісің болса, оны тастамау керек. Күн сайын кішкентай болса да қадам жасап отырсаң, үлкен нәтижеге жетуге болады.

– Сахнаға шығар алдында қобалжу бола ма? Оны қалай жеңесің?

– Әрине, қобалжу болады. Сахнаға шығар алдында толқу – кез келген музыкант үшін қалыпты нәрсе деп ойлаймын. Бірақ мен оны әлсіздік емес, керісінше жауапкершілік пен өнерге деген құрметтің белгісі ретінде қабылдаймын. Ондай сәттерде өзіме іштей «өтесің, жеңесің» деп айтып, өзімді дайындаймын. Сол сөздер маған сенім береді. Сонымен қатар, сахнаға не үшін шығып тұрғанымды есіме түсіремін – мен музыка арқылы өзімді көрсету үшін, тыңдарманға сезім сыйлау үшін шығамын. Қобалжуды жеңудің тағы бір жолы – жақсы дайындық. Егер сен өз еңбегіңе сенсең, қорқыныш азаяды. Сондықтан әрдайым дайындыққа көп көңіл бөлемін. Жалпы, меніңше, қорықпау емес, қорқынышты дұрыс басқару маңызды. Егер оны жеңе білсең, ол сені керісінше күшейтеді.

– Виолончель сенің өміріңе қандай өзгеріс әкелді?

– Виолончель менің өмірімді қатты өзгертті. Бұл аспап маған тек музыка үйретіп қана қойған жоқ, сонымен қатар тәртіпті, шыдамдылықты және еңбекқорлықты қалыптастырды. Осы жолда өзімді табуға, ішкі әлемімді түсінуге көмектесті. Әрбір жетістігімнің артында үлкен еңбек жатқанын сеземін, сондықтан мен бұл жолды өте бағалаймын.

– Жүлделі орын алғанда қуанышыңды ең алдымен кіммен бөлісесің?

– Ең бірінші қуанышыңды ата-анаммен бөлісемін. Себебі олар – менің ең үлкен тірегім. Қай кезде де қолдау көрсетіп, сенім білдіріп отырады. Жеңісімнің алғашқы куәгері де, ең қуанышты бөлісетін адамдарым да – әке-шешем.

– Қарындасың да музыкаға жақын екен. Болашақта бірге өнер көрсету жоспарда бар ма?

– Иә, қарындасым скрипкада ойнайды, ол қазір 2-сыныпта оқиды. Әзірге екеуіміз бірге сахнаға шыққан жоқпыз, бірақ мен болашақта осындай мүмкіндік болады деп ойлаймын. Бір отбасыдан шыққан музыканттар ретінде бірге өнер көрсету өте қызық әрі ерекше тәжірибе болар еді.

– Болашақтағы арманың қандай?

– Болашақта өзімді тек Қазақстанда емес, әлемге танымал музыкант ретінде көремін. Мен үшін музыка – шекара танымайтын өнер. Сондықтан қай елде болсам да, өз өнерім арқылы тыңдарман жүрегіне жол табуды қалаймын.

– Өзіңдей өнер жолын таңдаған оқырмандарымызға бір-екі ауыз қанатты сөз айтсаң?

– Арманды үлкен етіп қойсаң да, оған жету жолы кішкентай қадамдардан басталады. Ең бастысы – өзіңе сену және қиындықтардан қорықпау. Егер шын жүректен жақсы көретін ісің болса, оны ешқашан тастама. Еңбек пен табандылық бар жерде міндетті түрде нәтиже болады. Және әрдайым есте сақта: бүгінгі еңбегің – ертенгі жеңісіңнің іргетасы.

– Әңгімеңе көп рақмет!



Сұхбатты жүргізген:  
РЫСПЕК Айзере,  
Жамбыл облысы,  
Тараз қаласындағы  
«№49 мектеп-гимназияның»  
10 – сынып оқушысы.  
Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі

# АҚША БАҚЫТ ӘКЕЛЕ МЕ?

Қазіргі қоғамда ақша – өмірдің маңызды бөлігі. Адам күнделікті қажеттіліктерін өтеу, сапалы білім алу, жақсы өмір сүру үшін ақшаға мұқтаж. Сондықтан көп адам «ақша болса, бақыт та болады» деп ойлайды. Алайда бұл пікір әр адам үшін әртүрлі. Себебі бақыт тек материалдық дүниемен өлшенбейді.

Ең алдымен, ақша адамға еркіндік пен мүмкіндік береді. Қаржылық жағдайы жақсы адам өзіне қажет заттарды алып, денсаулығына көңіл бөліп, сапалы білім ала алады. Сонымен қатар саяхаттап, армандарын жүзеге асыруға мүмкіндігі көбейеді. Яғни ақша адамның өмірін жеңілдетіп, уайымын азайтады.

Дегенмен, ақша барлық мәселені шеше алмайды. Шынайы достық, махаббат, отбасының жылуы, ішкі тыныштық сияқты құндылықтарды сатып алу мүмкін емес. Кейде бай адамдардың өзі өзін жалғыз немесе бақытсыз сезінеді. Бұл – бақыттың тек ақшаға байланысты еместігін дәлелдейді.



Сонымен қатар адам ақшаны қалай пайдаланатыны да маңызды. Егер адам тек байлық жинауды мақсат етсе, ол рухани құндылықтарды ұмытып кетуі мүмкін. Ал ақшаны өз дамуына, жақындарына және пайдалы іске жұмсаған адам өмірден көбірек қуаныш табады.

Қорытындылай келе, ақша толық бақыт әкелмейді, бірақ бақытқа жетуге көмектесетін құрал бола алады. Нағыз бақыт адамның ішкі жан дүниесіне, айналасындағы адамдарға және өмірге деген көзқарасына байланысты. Сондықтан өмірде ақша мен рухани құндылықтардың тепе-теңдігін сақтай білу маңызды.

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

## АРМАНДАР ОРЫНДАЛА МА?

Адам баласының өмірін алға жетелейтін ең үлкен күштердің бірі – арман. Армансыз өмір мәнсіз, бағытсыз болар еді. Әр адамның жүрегінде өзіне ғана тән асыл тілегі бар. Бірі биік маман иесі болуды армандайды, бірі елге қызмет етуді, енді бірі өнерде немесе ғылымда жетістікке жетуді қалайды. Осы тұста «Армандар орындала ма?» деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап іздеу – адамның өмірлік ұстанымын анықтаумен тең.

Ең алдымен, арман – жай ғана қиял емес. Ол – адамның ішкі дүниесінен туындайтын мақсатқа бастар алғашқы қадам. Егер арман тек ой деңгейінде қалып қойса, ол орындалмайды. Ал егер арман нақты мақсатқа айналса, оған жетудің жолы басталады. Демек, арманның орындалуы адамның өз қолында.

Армандардың орындалуы ең алдымен еңбекке байланысты. Еңбек – табыстың негізгі кілті. Ешбір жетістік оңайлықпен келмейді. Мысалы, білімді маман болуды армандаған оқушы үздіксіз ізденіп, білімін арттыруы қажет. Спортта жеңіске жетуді қалаған жас спортшы күнделікті жаттығу арқылы шеберлігін шындайды. Яғни арман әрекетпен ұштасқанда ғана нәтиже береді.

Сонымен қатар, табандылық пен сабыр да маңызды рөл атқарады. Өмір жолында түрлі қиындықтар мен кедергілер кездеседі. Кей адамдар сәтсіздікке ұшырағанда, өз армандарынан бас тартып

жатады. Ал шыдамдылық танытып, қайта талпынған адам түбінде мақсатына жетеді. Сәтсіздік – жеңіліс емес, ол тәжірибе мен шыңдалу кезеңі.

Арманның орындалуына сенім де әсер етеді. Өзіне сенбейтін адам әрекет етуге қорқады. Ал сенімді жан батыл қадам жасап, мүмкіндіктерді іздейді. Ішкі сенім адамға күш береді, жігерін арттырады. Сондықтан арманына жетуді қалайтын әр адам ең алдымен өзіне сенуі керек. Армандар орындалады. Бірақ олар өздігінен емес, мақсатқа бағытталған еңбек пен табандылықтың арқасында жүзеге асады. Арман – адамның болашағына жол ашатын шамшырақ. Егер әр адам жүрегіндегі асыл арманын сақтап, соған жету жолында аянбай еңбек етсе, армандар міндетті түрде шындыққа айналады.



**УЛЖАБАЕВА Алмагуль,**  
Алматы облысы, Жамбыл ауданы, «Қарғалы №3 орта мектебінің» 11«А» сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі  
Шығармашылық жетекшісі:  
Жақыпбек Елдар Еркінұлы,  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Сурет: <https://iapn.kz/>

## ТЕЛЕФОНҒА ТӘУЕЛДІЛІК – БҮГІН КІМДІ БОЛСА ОЙЛАНДЫРУУЫ ҚАЖЕТ?

Смартфон - заманауи адамның ажырамас серігі. Біз онымен жұмыс істейміз, байланысамыз, көңіл көтереміз және тіпті демаламыз. Алайда күнделікті қолымыздан түспейтін бұл құрылғы бір сәтте психологиялық тәуелділік көзіне айналуы мүмкін. Телефонсыз тамақ іше алмайтын, ұйықтай алмайтын, хабарлама болмаған күннің өзінде смартфонның қайта-қайта ашатын сәттеріңіз болды ма? Бұл жай ғана әдет пе, әлде қауіптің белгісі ме? Бұл туралы El.kz интернет (<https://el.kz/>) порталы жазды.

Тақырып ретінде берілген сұраққа жауап ретінде: Иә, телефонға тәуелділік қазіргі мәселе дегім келеді. Ұялы телефонды алғаш рет америкалық компания – Motorola жасап шығарды. 1973 жылы инженер Martin Cooper әлемдегі алғашқы мобильді қоңырауды жасады. Мақсаты: Адамдардың бір-бірімен сымсыз байланысуын қамтамасыз ету;

Қай жерде жүрсе де сөйлесу мүмкіндігін беру. Бұрын телефон тек үйде (стационар) болатын, ал ұялы телефон оны қалтаға сыйатын деңгейге жеткізді.

Ұялы желі (мобильная сеть) бір ғана елдің емес, бірнеше елдің ғалымдары мен компанияларының еңбегі нәтижесінде дамыды. Бірақ алғашқы кең таралған жүйелер: АҚШ-та (AT&T компаниясы); Еуропада (әсіресе Nordic Mobile Telephone - 1981 жылы) деп аталды.

**Мақсаты:** Ұялы телефондардың бір-бірімен байланысуын қамтамасыз ету;

Көп адам бір уақытта сөйлесе алатындай жүйе құру;

Қалалар арасында және елдер арасында байланыс орнату;

Телефонға тәуелділіктің деңгейі жеңіл, орташа және жоғары (номофобия) болып бөлінеді. Негізгі белгілеріне телефонсыз мазасыздану, ұйқының бұзылуы, әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізу және физикалық белсенділіктің төмендеуі жатады.



Бұл психологиялық жайсыздыққа, депрессияға және стресске бейімділікті арттырады. (El.kz)

**Телефонға тәуелділік деңгейлері:**

**Төмен/Жеңіл деңгей:** Телефонды қажеттілікке қарай қолданады, бірақ жоғалтып алса немесе зарядтауды ұмытып кетсе, ешқандай қобалжу болмайды.

**Орташа деңгей:** Телефонды жиі тексереді, әлеуметтік желілерде ұзақ отырады, бірақ қажет болса, гаджетті өшіре алады. Номофобия белгілері (үрей, қорқыныш) әлсіз байқалуы мүмкін.

**Жоғары деңгей (Номофобия):** Телефонсыз өмірді елестете алмайды. Телефон жанында болмаса, паникаға түседі, үнемі хабарлама күтеді, ұйқыға дейін және оянғанда бірден телефонды қарайды.

**Тәуелділіктің негізгі белгілері мен зияны:**

**Психологиялық:** Телефон қолжетімсіз болса, үрей мен мазасыздықтың (номофобия) пайда болуы.

**Физикалық:** Ұйқының бұзылуы, көздің шаршауы, арқаның ауыруы.

**Әлеуметтік:** Нақты адамдармен тікелей қарым-қатынастан телефонды артық көру. Егер сізде тәуелділік белгілері байқалса, экран алдындағы уақытты шектеу (digital detox) және телефонды ұйықтар алдында қолданбау сияқты әдістерді қолданған жөн.

**Тогжан ТӨЛЕГЕН,**  
Алматы облысы, Іле ауданы,  
«№24 МКМ лицейінің»

11 – сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti»  
журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым сайтының  
Жас тілшісі.

Жетекшісі: Аяулым Сағынғали,  
«Алатау ТВ» телеарнасының  
тілші-редакторы.

Сурет: <https://www.aikyn.kz/>



АРМАНҒА ЖЕТУ ҮШІН  
ТАЛАП, ЕҢБЕК,  
ШЫДАМДЫЛЫҚ  
ҚАЖЕТ!

# АРМАНҒА ЖЕТУ ҮШІН НЕ ҚАЖЕТ?

Армансыз адам – қанатсыз құспен тең. Өйткені арман адамға өмірлік бағыт-бағдар береді, алға ұмтылуға күш сыйлайды. Әр адамның жүрегінде асқақ мақсат, орындалсам деген үміт бар. Арман – болашаққа бастайтын жарық жол, адамды тынымсыз ізденіске жетелейтін рухани күш. Сондықтан да «Арманға жету үшін не қажет?» деген сұрақ бүгінгі қоғам үшін өте өзекті.

Арманды орындау кез келген адамның қолынан келе бермейді. Себебі арман тек қиялмен емес, нақты әрекетпен жүзеге асады. Арманға тек шыдамды, еңбекқор, өз мақсатына сенетін адамдар ғана жете алады. Бұл ойды Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлең жолдары да дәлелдейді:

Арманға белді буа бар, Еңбекпен ғана жолы бар.

Еңбексіз өмір – түл сезім,

Талпынып бассаң – шыңың бар.

Арманға жетудің ең алғашқы шарты – талап. Талап – адамның ішкі жігері, өзіне деген сенімі. Ол адамды әрекетке итермелейді, жол бастайды. Қасым Аманжолов атамыз: «Талап – тағдырдың есігін айқара ашатын ерлік» деп бекер айтпаған. Шынында да, талапсыз адам өз мүмкіндігін аша алмайды. Ал талап бар жерде үміт те, сенім де болады.

Екіншіден, еңбек қажет. Еңбек – арманға жетудің негізгі кілті. Қандай үлкен мақсат болмасын, тынымсыз еңбексіз орындалмайды. Әрбір жетістіктің артында маңдай тер, табандылық және уақыт жатады. Еңбек ете отырып, адам өз болашағының берік іргетасын қалайды. Халқымыздың «Адамды адам еткен – еңбек» деген даналық сөзі осыны айқын дәлелдейді. Шын мәнінде, еңбек қана

адамды биік белестерге жетелейді.

Үшіншіден, шыдамдылық қажет. Шыдамдылық – кез келген қиындықты жеңе білудің кепілі. Өмір жолында кедергілер мен сәтсіздіктер болмай қоймайды. Сол сәттерде шыдамдылық таныта білген адам ғана өз арманынан бас тартпайды. Еңбек пен шыдамдылықты қатар ұстанған жан арманына бір табан жақындай түседі. Қиын жолдан қорықпай, сабырмен алға басу – нағыз жеңістің белгісі.

Қорытындылай келе, арманға жету үшін:

біріншіден – талап, екіншіден – еңбек, үшіншіден – шыдамдылық қажет.

Осы үш қасиет біріккенде ғана адам өз мақсатына жетіп, өмірден өз орнын табады.

Сөз соңын мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Қараңғыда қалып қойма, жәутендеп,  
Өткен күнге артқа қарап «әттен» деп.  
Биігіңе қолыңды сөз тек алға,  
«Мақсатыма жетемін мен ертең!» – деп.

**СЕРҒАЗЫ Ақниет Жақыпбекқызы,**  
Алматы облысы, Кеген ауданы,  
Қарақара ауылындағы орта  
мектептің 11- сынып оқушысы





**Мектеп қабырғасында өткен уақыт - жүректе сақталған ең әсерлі кадрлар жиынтығы. Көз алдымда бір сынып ішіндегі тарих әрі естелік мәңгілікке сақталады. Балалық шақтан болашаққа қадам басуымызға санаулы күндер қалды. Бұл дегеніміз - мектеп дәуірі аяқталып, арман жолының басталуы.**

## ОН БІР ЖЫЛДЫҚ СЕРИАЛДЫҢ СОҢҒЫ БӨЛІМІ...

11 жылымыз бір ғұмырдай өте шықты. Іштей толқу, қобалжу, қимастық сезіле бастады. Бұл тек бастамасы. Ақ бантикпен ақ арманға жетуге сәл - ақ қалды. Кеше ғана 1 - сынып едік. Алғашқы қоңырау сәтіне ата - анамызбен келіп, мектеп табалдырығын аттаған болатынбыз. Уақытта зулай өте шықты. Ал, қазір арманға апарар алтын көпірмен қоштаспақпыз.

Әр жылы болатын алғашқы қоңырауға бір үмітпен келеміз. Сыныптастарымды, сынып жетекшімді, мектептегі жылы атмосфераны көріп, іштей жәй табатын едім. 1 - сынып ішінде түрлі оқиғаны бастан өткердік. Бір күлдік, бір

жыладық. Келіспеушіліктің өзі қалыпты жағдайға айналып кетті. Дәл осы сәттерді бағалай біл.

Біздің 11 жыл бойы түсірген сериалымыздың аяқталатын сәті келді. Соңғы қоңыраудың сыңғырын естіген тұста «Түсірілім аяқталды, бұл - финал!» деген сөзді естуге даярмыз. Ендеше, камера тоқтады, естелік қалды. Алайда, камера өшкенімен, армандар жана береді. Бұл жазылған сценарий емес, шынайы естелік. Ең қызық бөлімі енді басталмақ. Жаңа таныстық, жылы орта, ересек көзқарас. Біз өз өміріміздің режиссері, операторы, актері болуымыз міндетті.

## КҮРТІНІҢ КӨРКЕМ КЕЛБЕТІ: ТАБИҒАТ ПЕН ТЫНЫШТЫҚ



Бәріміз күнделікті күйбең тіршіліктен, бітпейтін кептелістен шаршайтынымыз белгілі. Кейде, қаланың у-шуынан бөлек шығып, жақсы демалысты қажет етеміз. Ал, табиғат аясындағы серуенді кім ұнатпайды дейсің? Ендеше, Алматы облысынан 1,5 сағаттық жолда тылсым табиғат орналасқан. Ол - Күрті. Бір қарағанда адамға қарапайым болып көрінетін шығар. Алайда, бұл аймақтың табиғатында жайлы тыныштық бар.

Күрті - адам еңбегі мен табиғат үйлесімінен туған ерекше нысан. Бастапқыда ауыл шаруашылығын қамтамасыз ету мақсатында салынған. Алайда, жақында табиғатты сүйетін жандар үшін маңызды орынға айнала бастады. Ашық аспан, еркіндік, жүректі баурайтын көрініс. Дәл осы мекенде күннің шығуы мен батуы ұмытылмас сезім сыйлайды. Мұнда келген адам қарбаласқа толы өмірден алыстап, табиғатпен үндесе алады. Жаныңа жақын адамдармен бірге

жайлы уақыт өткізуден асқан бақыт бар ма?

Сонымен қатар, Күрті су қоймасы егістік алқаптарын сумен қамтамасыз етеді. Мамандардың айтуынша, болашақта суармалы жерлер көлемін екі есеге дейін көбейту жоспарланған. Сондықтан, Күртінің табиғи және шаруашылық әлеуетін жоғалтпауы маңызды.

Туған өлкемнің әсемдігіне тамсана қараудан жалықпаспын. Самал желі, байтақ даласы, көз тоймас көрінісі бір арнаға тоғысқан. Күрті - тек су қоймасы ғана емес, табиғат пен тыныштық қатар орнаған жер. Бұл мекенге бір барған жан қайта оралғысы келетіні анық. Күрті өңірі - демалыстың жаңа мекені.



**НҮРЛИАН Аружан,**  
Алматы облысы,  
Қарасай ауданы,  
Қаскелең қаласы  
«С.Керімбеков  
атындағы орта  
мектептің» 11 «А»  
сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi  
shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік  
басылым сайтының  
Жас тілшісі

Сурет: [kk.wikipedia.org](http://kk.wikipedia.org)

# «БӨКЕНБАЙ ШОҚЫСЫ»

Соғыста ерлікпен қаза тапқан батыр баба жерленген төбе дейді

Бүгінгі жарқын болашағымыз үшін өткен ғасырларда жаулардан жерін, елін қорғаған батыр бабаларымызды әрдайым еске алып, есімін құрметпен атаймыз. Ерлігіне бас иеміз. Ұрпағы батырларын ұмытпақ емес.

Мақалама батыр бабалар туралы мәліметтер іздегенімде, «Бөкенбай шоқысы» туралы жазылған авторлардың мені дүниелері қызықтыра түсті. Кең байтақ даламыздың төсінде жатқан елін қорғап, қапыда көз жұмған батырларымыздың қорымдары, кесенелері, ескерткіштері барын тарихтан білеміз. «Бөкенбай шоқысы» туралы білетін жандар болғанымен, сол шоқының Қанжығалы қарт Бөгенбай батырдың құрметіне аталмағанын және шоқының атын әлі күнге дейін көбіміз дұрыс айтпай жүргенімізді біле ме?

Тарихта жеті Бөгенбай немесе Бөкенбай (Бөкембай) есімді батыр болған. Алайда орыс империясымен отарлану нәтижесінде тарихымыз ұмыт қалып, батырларымыздың ерліктері бір-біріне тағылып, басқа Бөгенбай атты батырлар тарих руханиятында өздеріне тиісті орындарын ала алмаған. Соның дәлелі – «Бөкенбай шоқысы».

Енді сұрақ: «Бөкенбай шоқысы» қай Бөгенбай батырдың құрметіне аталған?

Бөкенбай шоқысы – шекті руынан шыққан Бөгенбай Жапалақұлының құрметіне аталған. Сондықтан оны «Бөгенбай шоқысы» деу дұрысырақ.

Ал бәріміз білетін Қанжығалы Бөгенбай (Бөкембай) – арғын руынан шыққан Бөгенбай Ақшаұлы. Ол 1680-1775/1778 жылдары Абылайдың тұсында өмір сүрген батыр. Қазақ жауынгерлерінің арасында батырлығымен, қол бастайтын көрегендігімен ерекшеленгендіктен Қанжығалы Бөгенбай деп атаған.

Енді, алдыңғы жауабымызға оралайық. Бөгенбай Жапалақұлы – Әлімнің Шектісінен тарайтын Қабақтың Жанкелдісінен, Жапалақтың баласы. Айтып жатқан тұлғамыздың тегі де текті болса керек. Себебі батырдың әкесімен ағайындас Айдаралы би өз руының атақты батыры Ұран Бақтыбаймен, бәрімізге таныс Мөңке бимен қатар айтылады. Ал әулетінің атақонысы «Бөгенбай» таулары мен «Бөгенбай» шоқысының арасында болды деседі. Алайда басты кейіпкеріміздің өзі де осал болмаған. Ол Әбілқайыр

ханның Кіші жүз, Орта жүз жерлерін қалмақтан босату үшін бастаған қолының құрамында болып, Табын Бөкенбай, Тама Есет, Ұран Бақтыбай, Тайлақ, Алтай, Сәрке, Қарабас, Қалдыбай, Жарас және басқа да ержүрек батырлармен бірге аянбай түрлі шайқастарға қатысқан.

Бөгенбай батыр қалмақтарға қарсы шайқаста Ырғыздың оңтүстік батысында, шамамен, 40-45 шақырым жердегі үлкен шоқы түбінде қаза тапқан. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша, батыр қай жерде көз жұмса, оны сол жерге жерлеу қажет. Осылайша, батырымыздың сүйегі әлгі шоқы түбіне жерленіп, оны «Бөгенбай шоқысы» деп атап кеткен.

Бұл жайлы біз орыс офицері Я.П.Гавердовскийдің 1803 жылы 22 тамыздағы дерегінен біле аламыз: «В праве, верстах в 30 от сего стана, видны горы, называемые Буканбаевыми. В равнине между ними верст на 15 в поперечнике, изобилующей хорошим кормом для скота и чистою ключевою водою, возвышается в виде конуса каменная скала, которая по причине отменной высоты именуется Буканбаевым маяком». Бұл ақпарат саяхатшы офицердің «Обозрение Киргиз-кайсацкой степи (часть 1-я) или Дневные

записки в степи Киргиз-кайсацкой 1803 - 1804 годов» деген еңбегінде жазылған.


Қорытындылай келе, аталмыш шоқы шекті руының батыры Бөгенбай Жапалақұлының құрметіне аталған. Бұны Гавердовскийдің Шекті және басқа Әлімұлы рулары ақсақалдарының аузынан жазып алған күнделігінен және ел ауызындағы жыр, әңгімелерден біле аламыз. Батырдың ұрпақтары 2016 жылы «Бөгенбай шоқысы» басына ескерткіш қойғызған. Ал Ақтөбе қаласында батырымыздың рухына арнап ас берілген.

Өз тарихымызды біліп жүрейік!

**НҮСУПҚАН Тоғжан Рауанқызы,**  
Алматы облысы, Талғар ауданы,  
«№14 мектептің» 11 – сынып оқушысы

Мақаланы <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/>; <https://adyrna.kz/kk/post/>; <https://anatili.kazgazeta.kz/news/> сайымында жазылған деректерді оқыған соң, айтылған мәліметтерді негізге ала отырып жаздым. (Автор)





# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МОЙЫНДАУҒА ИЕ БОЛДЫ

23 мамыр 2026 19:13

Осыдан бес күн бұрын АҚШ-та өткен Regeneron ISEF 2026 әлемдегі ең ірі ғылыми жобалар байқауында жасанды интеллект көмегімен қатерлі ісікті анықтау жүйесін әзірлеген қазақстандық оқушы марапатқа ие болған еді. Бүгін қазақстандық оқушылардың тағы екі жобасы жасанды интеллект саласындағы жетекші халықаралық ұйымдардың бірі Association for the Advancement of Artificial Intelligence, қысқаша AAAI, арнайы марапаттарына ие болды.

KazLib жобасы академиялық жоспарлау және оқу үлгерімін модельдеуге арналған цифрлық платформа ретінде AAAI Student Membership марапатын алды. Жобаның авторлары Талдықорған қаласындағы «Білім-Инновация» мамандандырылған лицей-интернатының оқушылары Аслан Башаров пен Болысбай Нұркелді.

Екінші жоба Neuralsee нейрондық желілерді әзірлеуге арналған визуалды-интерактивті платформа ретінде бірден екі арнайы марапатқа ие болды. Олар AAAI Membership және School Library Membership марапаттары. Жобаны Алматы қаласындағы Панфилов атындағы №54 Қазақстан-Ресей мектеп-лицейінің оқушылары Михаил Исаков пен Рахим Нұрмұханбетов ұсынды.

Жаңа марапаттар қазақстандық оқушылардың жоғары дайындық деңгейін және еліміздің жасанды интеллект пен цифрлық инновациялар саласындағы әлеуеті артып келе жатқанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Бүгінде қазақстандық оқушылар әлемдегі ең ірі ғылыми жарыстарға қатысып қана қоймай, олардың



жобалары халықаралық сарапшылар қауымдастығы тарапынан жоғары бағаланып, отандық білімнің жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін көрсетіп отыр.

Айта кетейік, Regeneron ISEF әлемдегі ең ірі оқушыларға арналған ғылыми және инженерлік жобалар байқауы болып саналады. Ол жыл сайын ондаған елден үздік жас зерттеушілерді біріктіреді. Биыл байқау АҚШ-тың Финикс қаласында өтті. Биыл Қазақстан атынан бес ғылыми жоба ұсынылып, олардың үшеуі халықаралық конкурстың арнайы марапаттарына ие болды.

Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайтынан алынды.

Ақтөбе өңірі – тарихи ғажайыптары мол өңір  
Ақтолағай – мезозой дәуірінің «туындысы»  
turkystan.kz



**«Қазпошта» АҚ облыстық, аудандық бөлімшелері арқылы 2026 жылға  
Farabi shakirti журналының электрондық нұсқасына жазылу бағасы:**

**1. Занды тұлғаларға: 6 айға – 3618,36; 12 айға – 7236,72**

**2. Қала, ауыл-село бойынша: 6 айға – 3344,40; 12 айға – 6688,80**